

Тағилім

Ақпан

XII bolim

tekseruge

Мадина

МАЗМҰНЫ

<i>Жарты ғасырлық тарихы бар білім беру ошағы</i>	<i>4</i>
Еркинали Акбердиев,	6
<i>Әлем өзгеруде, біз де өзгереміз</i>	<i>6</i>
Болсынай Сахова,.....	7
<i>Сапалы білім – саналы ұрпақ азығы</i>	<i>7</i>
Алтынай Жамберова,.....	8
<i>Отбасындағы балаларды тәрбиелеу ерекшеліктері</i>	<i>8</i>
Бағдат Тоқшабай,	10
<i>Ұрпақ тәрбиесі-болашақ тірегі</i>	<i>10</i>
Бибімариям Байтүгелова,	12
<i>Ұстаз жүрегінің сыры</i>	<i>12</i>
Акерке Жайлау,	13
Айгерим Халмурадова, Жанат Танабаева,.....	13
<i>Мектептегі әлеуметтік педагогтың рөлі</i>	<i>13</i>
Гүлайша Серікбаева,.....	15
<i>Сапалы білім беру - басты міндет</i>	<i>15</i>
Гүлайым Қуатбекова,	16
<i>Білім негізі -бастауышта</i>	<i>16</i>
Гүлмира Айтбаева,	18
<i>Отбасындағы зорлық-зомбылық: Балаға қалай көмектесуге болады?</i>	<i>18</i>
Жанар Альсентова,.....	20
<i>Қашықтықтан оқыту – уақыт талабы. Ағылшын тілі пән бірлестігі</i>	<i>20</i>
Зағира Саттарова,.....	23
<i>Баланың алғашқы ұстазы — ата-анасы.....</i>	<i>23</i>
Кулбиби Борибекова,	25
<i>Әлем математика тілімен бейнеленген.....</i>	<i>25</i>
Қарлығаш Сыздыкова,	27
<i>Оқушы бейімділігін тани білу – болашаққа жол сілтеу.....</i>	<i>27</i>

МАЗМҰНЫ

Лаззат Бибек,	29
<i>Үйірменің үйретері көп</i>	29
Лаззат Билалова,	33
<i>Жақсы мұғалім — мектептің жүрегі</i>	33
Лаззат Қалдарбекова,	35
Айгул Сейдуллаева,	35
<i>Мектеп кітапханасы – мектеп құралы емес, білімнің бұлағы</i>	35
Ләззат Борамбаева,	38
<i>Білім мен еңбек егіз ұғым</i>	38
Ләззат Құлмаханбет,	39
<i>Жаңартылған жүйеде нәтижеге бағытталған білім беру</i>	39
Ләззат Смайлова, Бекжан Еспанов, Ұлбазар Кауменова,	43
<i>Мектептегі психологиялық қызметті дамыту жолдары</i>	43
Мадина Сартбаева,	44
<i>«Өзін-өзі» тану» пәнінің өзектілігі</i>	44
Мадина Макка,	45
<i>Ұлт тарихын ұлықтайтын ұстаздар</i>	45
Рабиға Абдукаримова,	47
<i>Жемісті жетістіктеріміз</i>	47
Хандуллаева Сәндібала,	50
<i>Тәрбие баршамызға ортақ іс</i>	50
Темирлан Ходжаниязов, Арман Жорабеков,	52
<i>Спорт – денсаулық кепілі</i>	52
Шолпан Асанбаева,	55
<i>Казахстанское среднее образование вчера, сегодня и завтра</i>	55
Эльмира Мархабаева,	59
<i>Қазақ тілі бірлестігі білім белесінде</i>	59
Карлығаш Юсупова,	64
<i>Қолөнер - асыл қазынам</i>	64

№1 М. Әуезов атындағы жалпы орта мектебі
Түркістан облысы, Шардара қаласы

ЖАРТЫ ҒАСЫРЛЫҚ ТАРИХЫ БАР БІЛІМ БЕРУ ОШАҒЫ



*«Қай істің болсын өніуіне үш түрлі шарт бар. Ең әуелі ниет керек, одан соң күш керек, одан соң тәртіп керек»
Мұхтар Әуезов*

Мектеп 1969 жылы қаланың екінші мөлтек ауданында тұрғын үй есебінде салынған. 6 бөлмелі үйде ашылып, осы ауданнан қаладағы «Шардара » М. Горький орта мектептеріне қатынап оқитын бастауыш сынып оқушылары оқытыла бастады. Келесі жылы 1970ж сегіз жылдық мәртебесін алып, мектеп директорлығына Е. Тәжімұратов бекітілді. Ол оқушылар құрамын жыл санап өсіп келе жатқанын негізге ала отырып, табандылығының арқасында жедел түрде қосымша 12 бөлмелі жай салдыруға қол жеткізді. Алғашқы жылы бастауыш мектепте Ж. Зейнеділов, Б. Әбибулаева, С. Дәбешова, А. Жұманова, Х Бәкбергеновалар жұмыс істеді. Кейін сегізжылдық, онжылдық, болған тұста олардың қатарын Ж. Әлібаева, Ә. Әлібаев, Ә. Арапова, В. И. Подпорина, Н. Л. Лобанова, Ә. Бекбергенова, С. Пахынбетов, Т. Тасыбекова, Б. Әлімбеков, А. Тұңғышбаев, Т. Әліпбаев, Қ. Әбуов, Б. Байтүгелова, Г.

Ағмановалар бастаған шәкірттерінің құрметіне айналған 50 – ге жуық нағыз педагог мамандар толықтырылды. Мектеп басшылығында тым аз уақыт жұмыс істеп, басқа қызметке ауысқандарын айтпағанда басқалары мекеменің қалыптасқан жақсы еңбек дәстүрін лайықты жалғастырып, оны жаңа биіктерге көтеруге өз үлестерін қоса білді. Сол кездері 1970ж – 1986 жылға дейін басқарған Е. Тәжімұратов зейнеткерлікке шыққан соң төмендегі директорлар басқарды: Ғ. Омарова (1986-1988 жж), Ж. Сыздықов (1989-1990жж), О. Уалиханов (1990-1994жж). Б. Қалымбетов (1994-1996 жж), Р. Хожаниязова (1996-1998 жж), Е. Базаров (1998-2000 жж), Б. Мыңжасаров (2000-2006ж. ж), Мектепке 2006 жылы 1266 орынды жаңа ғимарат салынып пайдалануға берілді. Осы мектептің жаңа ғимаратқа (Мелдеби ауылы) есебінде жоспарға енгізіліп, салынуына бұл күнде зейнеткер ардагер ұстаз Б. Мыңжасаров үлкен еңбек сіңірді. 2006 жылы жаңа мекемеге

көшкеннен кейін №1. М. Әуезов атындағы жалпы орта мектебін (2006-2013ж. ж), С. Халмурзаева, (2013-2015ж. ж) Х. Мырзабаева.

Осы мектептің түлегі, Акбердиев Еркинали Дуйсенбайұлы 2015 жылдан бастап басшылық жасап келеді. №1. М. Әуезов атындағы жалпы орта мектебі 2019жылы мектеп қайта күрделі жөндеуден өтіп, қазіргі таңда заманауи компьютер, ноутбуктар және IT сыныптармен жабықталды. Қазір онда 200 мұғалім жұмыс істейді. Оның 196-ы жоғары, 4-і орта арнаулы білімді. Ұстаздардың 17-і жоғары, 20-сы бірінші, 17-і екінші санатты мамандар. Қазіргі таңда 1651 оқушы білім алуда. Мектебімізден шыққан өз мамандықтары бойынша Республикалық, облыстық деңгейде абыройлы қызмет істеп жүрген Ү. Датқаев (Аспендиярова атындағы мед. Академияның деканы, мед. ғылымының докторы, профессор), Ә. Балқыбеков (ақын), Р. Жаукимова (Қазақстанның Құрметті қауымдастығының төрайымы), С. Тұрысбеков (Тараз қаласы, аудандық ішкі істер бөлімі тергеу бөлімі бастығының орынбасары, полиция подполковнигі), Г. Жумадилаева (Шымкент пед. Институттың аға оқытушысы), Т. Маханбетов (облыстық телекоммуникация бастығы қазіргі Шымкент қаласы), Ұ. Қарсыбаева (Шымкент мед. Академиясының аға оқытушысы), А. Қарсыбаев

(Шардара аудандық маслихат хатшысы, қол күресі және гир көтеру федерациясының президенті), Қыдырғали Оңғарбаев (қол күресінен әлем чемпионы, аудандық маслихат депутаты), Шынболат Райханов (Аудандық денешынықтыру және спорт бөлімінің басшысы), Сахов О (Жоғары дәрежелі дәрігер-кардиолог, мед ғылымдарының кандидаты, доцент. Алматы қалалық кардиологиялық орталықтың бөлім меңгерушісі), Н. Бейсенбиева – (Астанадағы мед. Академиясының докторанты), Нұралиева Ұлмира (ҚР денсаулық сақтау министрлігінің Стратегия және даму департаментінің стратегиялық жоспарлау басқармасының басшысы), ауданымыздағы біраз мектеп директорлары Ж. Сапаров «Шардара м/л», А. Тілегенов А. Әлімбетов ат. жом, Ж. Нұралиева «Сырдария» жом, С. Халмурзаева М. Горький ат. жом, Д. Тулепов №12 жалпы орта мектептің, Жекпе-Жек ж/е күш спорт түрлерінің директоры Б. Турманов осы мектептің түлектері.

Бүгінгі таңда мектептегі оқу-тәрбие процесі толығымен жаңартылған білім беру мазмұнына көшіп жұмыс жасауда. Е. Акбердиевтің басшылығымен мектеп ұжымы жарты ғасырлық оқу-тәрбие саласындағы дәстүрлерін мықты ұстанып, оны жалғастыруда.



Мектеп директорының орынбасарлары: Б. Байтүгелова, Б. Тоқшабай, Г. Серикбаева, Б. Сахова, М. Култазина, Л. Құлмаханбет, Г. Айтбаева, А. Жамберова, Қ. Сыздыкова, Т. Ходжаниязов мектеп ұжымын басқаруда мен бақылауды тиянақты жоспарлап, іске асыруда, барлығы тәжірибелі мамандар.

Мектепте шәкірттерінің бойына ізгілік пен ізденімпаздық қасиет дарытып, білім нәрімен сусындатып жүрген майталман мамандар жұмыс жасайды. Олардың қатарында Б. Байтүгелова, Б. Сахова, Г. Серикбаева, Б. Тоқшабай Л. Борамбаева, Л. Құлмаханбет, Л. Бибек, Г. Айтбаева, Ф. Насрединова, Ф. Ержан, К. Бөрібек,

Ә. Сериев, У. Кунанбаева, Г. Канжигитова, М. Ахетова, К. Сыздыкова, Қ. Жантурсев, Ж. Ахарбеков, Т. Ходжаниязов, Ш. Асанбаева, Г. Рүстемова, А. Қожахметова, Қ. Юсупова, Р. Абдукаримова, Г. Асықбекова, А. Жамберова, Л. Билалова, З. Саттарова сынды білікті ұстаздарымыз бар. Сондай-ақ, Республикалық, облыстық, аудандық білім додаларында оқушыларымызда мұғалімдерімізде жеңіске жетіп, мектеп атын асқақтатып жүрген жандар да жоқ емес. Айта кету керек, «Ы. Алтынсарин» төс

белгісімен Б. Байтугелова, К. Бөрібек марапат биігінен көрінді.

Қазақтың ұлы жазушысы М. Әуезов айтқандай «Ұлт пен ұлтты, адам мен адамды теңестіретін нәрсе –білім»

Ел-болашағы білімді ұрпақтың қолында. Сондықтан білім саласына жүктелген міндет орасан зор, №1М. Әуезов атындағы жалпы орта мектебінің үлгі тұтарлық білім ұясының, ұжымы ынтымағының арқасында алдағы уақытта да биік шыңдардан да көрінеміз деген сенімдемін.



ЕРКИНАЛИ АКБЕРДИЕВ,

№1 М. Әуезов атындағы жалпы орта мектебінің директоры
Түркістан облысы, Шардара қаласы

ӘЛЕМ ӨЗГЕРУДЕ, БІЗ ДЕ ӨЗГЕРЕМІЗ

«Өзгеріс болмаса, даму да болмайды, себебі өз көзқарасын өзгерте алмайтын адам еш нәрсені де өзгерте алмайды»

Джордж Бернард Шоу

Тәуелсіз еліміздің жас жеткіншектеріне сапалы білім мен саналы тәрбие беру ісі ең алдымен мектептегі мұғалімдердің білімі мен біліктілігіне байланысты. Адамзат қоғамының даму сатысының қайсысында болмасын мұғалімдік кәсіптің атқаратын рөлі ерекше жоғары бағаланған. «Ұлт ұстазы» Ахмет Байтұрсынов айтқандай «Қоғамда өзгерісті қаласаң, ол үшін өзіңнен баста» Ұстаз-ұрпақтың рухани сәулеткері, халықтың үміті мен болашағын арқалаған сенімді өкілі. «Мұғалім бәрінен де қымбат жан, өйткені мұғалім мектептің жүрегі» деп тұңғыш педагог Ы. Алтынсарин айтқандай, мұғалім білім беруші ғана емес, тәлім- тәрбие беріп, бағдар көрсетуші бар адами қасиеттерді бойына жинаған талантты тәлімгер.

Оқушылардың сапалы білімге қол жеткізуін, олардың қабілеті мен қызығушылығын, танымдық және өмірлік қажеттіліктеріне, бейімділіктеріне сәйкес қамтамасыз ету болып табылады.

Бүгінгі күні білім беру жүйесі түбегейлі жаңаша ойлауға негізделген іргелі реформалар кезеңіне қадам басты. Озық экономика білім беру мақсаттарын «Білетін адамнан шығармашылықпен ойлайтын адамға» ауыстыруды талап етеді.

Қазақстан өз тарихында жаңару мен жаңғыру кезеңдерін бастан өткеріп отыр. Қазір білім жүйесіндегі кез-келген мәселе арнайы зерттеу арқылы жүзеге асады. Заманауи ақпараттық жүйе заманында білім мен ақпаратты оқулықпен ғана емес, интернетпен де игеруге болды.

Расымен де, адамзат қауымы жыл санап, ай санап, тіпті аптамен күн санап цифрландыру заманының сиқырлы әлеміне еніп барады.

Ақпараттандыру жағдайында білім алушылар меңгеруге тиісті білім, білік, дағдының көлемі күннен-күнге артып, мазмұны өзгеріп отыр. Ұстаздардың алдында білім алушыға білім, білік, дағдыларын игеріп қана қоймай,

қабылдауын, ойлауын, қиялын, сезімдерін, ерік-жігерлерін, яғни жан-жақты, шығармашыл, өз бетімен жұмыс жасай білетін, бәсекеге қабілетті жеке тұлғаны дамыту міндеттері де тұр.

Сонымен, жас ұрпаққа заман талабына сай білім беріп, жан-жақты дамуына ықпал ету мұғалімнен шығармашылық ізденісті, үлкен сұранысты талап етеді. Ұлы ағартушы жазушы А.

Байтұрсынов айтқандай «Ұстаз үздіксіз ізденгенде ғана шәкірт жанына нұр құя алады», - деген сөзі ізденіп, шығармашыл, жаңашыл ұстаздарға арналғандай. Ендеше, тәуелсіз қазақ елінің жаңа ғасырда жаңа қырынан дамуы үшін аянбай еңбек ететін ұрпақ тәрбиелеу мен білім беруде жаңашылықтарыңызбен ерекшелене берулеріңізге тілектеспін.



БОЛСЫНАЙ САХОВА,

Шардара ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімінің «№1 М. Әуезов атындағы жалпы орта мектебі» КММ-нің директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары

САПАЛЫ БІЛІМ – САНАЛЫ ҰРПАҚ АЗЫҒЫ

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Жаңа жағдайдағы Қазақстан: Іс-қимыл кезеңі» атты Жолдауында ғылым-білім саласын дамытудың маңыздылығын ерекше атап өтті. Коронавирус індетінің салдарынан білім саласы да сындарлы кезеңді

бастан өткеруде. Тұңғыш рет білім жүйесінде жаппай қашықтықтан оқыту форматы енгізіліп, бұл педагогтармен қатар оқушыларға да үлкен жауапкершілік артты. Ұстаздардың жаңалықты жатсынбай қабылдауының арқасында бұл қиындықты да еңсеріп келеміз.



Заман қарыштап дамып, озық технологиялар қолданысқа енгізіле бастаса да оқушының сапалы білім алуы үшін мұғалімдердің маңызы ерекше. «Мектептің жаны – мұғалім» деп тегін айтылмаса керекті. Бұл тұрғыда оқушыларымыздың озат болуына, жаһандану заманына сай ұрпақ тәрбиелеуде ұстаз еңбегі

орасан. Адам капиталы мен білім саласына қойылатын талаптар тіпті өзгеше бүгінде. Сондықтан, сапалы білім қарқынды дамудың басты шартына айналды.

2020-2021 оқу жылында мектепте 70 сынып, 4 мектеп алды сынып, 60 сынып кабинеттері жабдықталған. Оқушы саны 1651 болса, оның

303-үздік, 423-екпінді. Білім сапасының соңғы 3 жылдық талдау нәтижесі бойынша орташа 73% құрайды.

Қазіргі таңда 194 педагог маман қазақ тілінде дәріс береді. Ірге тасы сонау 1970 жылы қалаған білім ордасында 1651 шәкірт білім алуда. Кейінгі үш жылдың өзінде 9 «Алтын белгі», 20 «Үздік аттестат» (9 сынып), 70 оқушы еліміздің жетекші университеттерінде тегін білімдерін жалғастыруда.

«Жеті түрлі ілім білетін» ұрпақ тәрбиелеу – негізгі міндет. Үштілді білім беру жүйесін енгізу-күн тәртібіндегі өзекті мәселе. Мұны жан-жақты талдап, салмақты шешу қажет-ақ. Академик А. Жұбанов «Әр халықтың ана-тілі білімнің кілті», - дейді. Үштілділік жүйеге көшу мақсатында ғылыми-жаратылыстану пәндерін ағылшын тілінде оқыту мақсатында, педагог кадрлар

арнайы білім орталықтарында дәріс алды. Бүгінде физика пәнінен 8-10 сынып аралығында 74 оқушы, химия пәнінен 8-10 сыныптан 42 оқушы, биология пәнінен 8-10 сыныптан 73 оқушы, информатика пәнінен 8, 9 сыныптан 49 оқушы ағылшын тілінде білім нәрімен сусындады.

Қол өнер, тоғызқұмалақ, қол күрес, өлкетану, экология биология, қол добы, т. б. сынды өнер үйірмелері жұмыс жасайды. 57146 кітапхана қоры болса, ал әдебиеттік кітаптар қоры -10000.

«Мұғалім көп әдісті білуге тырысуы керек. Оны өзіне сүйеніш, қолғабыс нәрсе есебінде қолдануы керек», - деп А. Байтұрсынов айтқандай, қазіргі заман талабына сай білім беру мәселесі сол қоғам мүддесіне сай болуы қажет деп ойлаймын. Өз ісінің шебері ғана жоғары жетістікке жетеді.



АЛТЫНАЙ ЖАМБЕРОВА,

Адами әлеуетті дамыту бөліміне қарасты «№1 М. Әуезов атындағы жалпы орта мектебі» тәрбие ісі жөніндегі орынбасары
Түркістан облысы Шардара қаласы

ОТБАСЫНДАҒЫ БАЛАЛАРДЫ ТӘРБИЕЛЕУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Отбасылық тәрбиесіз баланың үйлесімді дамуы мүмкін емес, бұл тәрбие қоғамдық тәрбиемен бірлесіп нығая түсуі керек. Отбасы мен қоғам-бір жүйенің кіші және үлкен үлгілері. В. Сатир жазғандай: «Отбасы қоғамдағы біріктіретін күш болуы керек, оның алатын кеңістігі мен мүшелерінің санының шағындығы соншалықты, олар бір-бірі туралы бәрін білетін, тіпті бір бөлмеге- ақ сыйып кететін қоғамның санаулы одақтарының бірі». Отбасы туралы жаңа ұрпақтарды қоғамдық тәрбиелеудің бөлігі ретінде айта отырып, оның осы жүйедегі мәнділігін назардан тыс қалдырмау керек. Ата-ана балаларының әлеуметтік құндылықтар кешенін, дүниеге деген көзқарасын, бағдарын, қажеттіліктерін, қызығушылықтары мен

әдеттерін қалыптастырады. Отбасындағы алғашқы өмір сабақтары балаға әрекет жасаудың нұсқасы ретінде әлеуметтік құндылықтар кешенін, дүниеге деген көзқарасын, бағдарын, қажеттіліктерін, қызығушылықтары мен әдеттерін қалыптастырады. Отбасындағы алғашқы өмір сабақтары балаға әрекет жасаудың нұсқасы ретінде әлеуметтік ақпаратты тандап қабылдауға, өңдеуге, меңгеруге немесе қабылдамауына негіз болады. Балаға отбасы тарапынан әсер ету үдемелігі мен нәтижелілігі бойынша теңдессіз. Себебі ол үздіксіз, бір мезгілде жүзеге асады, қалыптасып келе жатқан тұлғаға жан-жақты әсер етеді, көп жылдарға жалғасады, отбасындағы байланыстардың тұрақтылығына, балалардың да ата-аналардың да

өзара эмоционалдық қарым-қатынасына негізделеді. Мұнда сүйіспеншілік пен сенім тәрізді табиғи сезімдер туралы ғана сөз болып отырған жоқ, сонымен қатар балалардың өз қауіпсіздігін, қорғалғандығын, өзін мазасыздандырған ойлармен бөлісу мүмкіндігін, көмек алатындығын сезіну туралы ғана сөз болып

отырған жоқ, сонымен қатар балалардың өз қауіпсіздігін, қорғалғандығын, өзін мазасыздандырған ойлармен бөлісу мүмкіндігін, көмек алатындығын сезіну туралы айтылады. Отбасылық қарым-қатынас, тәрбие барысында балаға аға ұрпақтың өмірлік тәжірибесі, сезім мәдениеті мен мінез-құлқының деңгейі беріледі.



Отбасылық тәрбие айрықша, сондықтан өзінің келесідей ерекшеліктері бар:

- үздіксіздік;
- тәрбиелік әсер етудің көп факторлығы мен қайшылығы;
- тәрбиелеуші микроортаның салыстырмалы тұйықтылығы;
- тікелей әсер ету (көмекші бөлімшесіз, көмекші адамсыз);
- қарым-қатынастың жекелігі;
- өзара қарым-қатынастың табиғилығы мен көпқырлығы;

Ата –ананың міндеті –ескі өмірлік таптаурындардан бас тартып, адамдар өзара соғыспай, ынтымақтасатын жаңа таптаурындар жасау.

«Жекеше» қаралатын әлеуметтендіру факторларының ішіндегі ең бастысы ата-ананың отбасы болып табылады, себебі бала өзінің неғұрлым қабылдағыш кезеңінде отбасының әсерін бәрінен бұрын сезінеді. Отбасындағы жағдай, оның ішінде ата-ананың әлеуметтік жағдайы, қызметі, материалдық деңгейі, білім деңгейі баланың өмірлік жолын едәуір анықтауға мүмкіндік береді. Ата –ана баласына саналы түрде беретін тәрбиеден асқа балаға отбасындағы атмосфера да әсер етеді. Бұл әсердің ізі жеке тұлғаның құрылымында көрініс тауып, оның жасы есейген сайын көбейе түседі. Баланың кез-келген жастағы мінез –құлқындағы әлеуметтік немесе психологиялық аспектінің барлығы оның қазіргі күнгі және өткен уақыттағы отбасылық жағдайына байланысты болады. Әрине, бұл

тәуелділіктің сипаты өзгереді. Мысалы, баланың үлгерімі және оның оқуының ұзақтығы отбасының материалдық деңгейіне байланысты болса, енді ата-анасының білім деңгейіне байланысты болса, енді ата-анасының білім деңгейі әсер етеді (жоғары білімді ата-ананың балалары жақсы оқиды). Ата-анасының білім деңгейінен басқа балалардың тағдырына отбасының құрамы мен отбасы мүшелерінің өзара қарым-қатынастарының сипаты әсер етеді. Салыстырмалы түрде жеке болатын балаларды тәрбиелеуде бірқатар психологиялық механизмдер бар, олардың көмегімен ата-ана өз баласының тәрбиесіне ықпал етеді.

Балаларды тәрбиелеу барысында оларды тек экономикалық және психологиялық әсерлерден ғана қорғап қоймай, олардың сапалы денсаулығы мен физикалық дамуы үй-тұрмыстық, көліктік сұрақтарды шешуге, олар өмір сүретін ортаның, орталықтың урбанизациясына, индустриализациясына тәуелді.

**БАҒДАТ ТОҚШАБАЙ,**

№1 М. Әуезов атындағы жалпы орта мектебінің оқу ісі меңгерушісі
Түркістан облысы, Шардара қаласы

ҰРПАҚ ТӘРБИЕСІ-БОЛАШАҚ ТІРЕГІ

Қазақстан Республикасының білім беру жүйесінің қазіргі кезеңін әлемдік деңгейдегі білім беру тенденциясынан бөліп қарауға болмайды. Бұл әлемдік деңгейдегі қатынастың күшейе түсуіне байланысты. Қазіргі қоғамда болып жатқан кең шеңбердегі өзгерістер үшінші мың жылдықтың білімді, саналы жастарын тәрбиелеушілерге үлкен міндет жүктері сөзсіз. Жас ұрпақтың жаңаша ойлауын, олардың біртұтас дүние танымының қалыптасуына әлемдік сапа деңгейдегі білім, білік негіздерін меңгеруіне ықпал ететін жаңаша білім мазмұнын құру – жалпы білім беру жүйесіндегі өзекті мәселелердің бірі.

Бүгінгі қоғам алдында тұрған ең жауапты міндет – тәуелсіз мемлекетіміздің уығы боп қадалатын қоғам мүшелерін, яғни жас ұрпақты адамгершілік қасиетке тәрбиелеу, тиянақты білім беру. Адам бойында адамгершілік құндылықтар болмаса, олардың орнын ешқандай терең білім толтыра алмайтынын өмірдің өзі дәлелдеуде. Балалар мен жастар тәрбиесінің болашағы – оларды адамгершілік – рухани жағынан нағыз адам етіп қалыптастыру керек. Сонда ғана нағыз толыққанды тұлғаға айналады. Тәрбиедегі басты мәселе – балалардың тұлға аралық қатынасын дәріптеу, өз құрбы – құрдастарымен, отбасы мүшелерімен қарым – қатынасын жасай білу, ол үшін өзге адамдарды түсінуі, қабылдауы, әр адамның даралық ерекшелігін жасына, ұлтына қарамастан саналы түсіне білуі, өзіне сын көзбен қарап, өзінің көңіл – күйін, атқарған іс әрекетінің есебін түсініп, істеген іс әрекетінің нәтижесіне өзіндік баға бере алғанда оның болашағы биікте болары сөзсіз. Бүгінгі бала мұғалім берген білімді игеріп қана қоймай, оны әрі қарай өзінің белсенді, нысаналы, зерделі, дарындылық іс әрекетімен

сабақтастыра білгенде болашағы кемел болары сөзсіз.

Елбасымыз Н. Ә. Назарбаевтың «Қазақстан Республикасының болашағы қоғамның идеялық бірлігінде» деген еңбегінде «Біз құрып жатқан қоғамның ең жоғарғы құндылығы – адам, бүкіл өзгерістердің бәрі сол үшін, соның игілігі үшін жасалып жатыр» деп атап көрсетілген.

Рухани – адамгершілік тәрбиесіндегі басты нысана – баланы құрметтеу, оның рух иесі, бойында жаратқанның ұлы қуаты бар – тіршілік иесі екенін және дүние, әлемнің біртұтастығын саналы түсініп, оған бойұсынса оның болашағы биік болары даусыз. Балаға қоғамда ұлттық тәрбие беру керек. Ондай дейтініміз ұлттық құндылық адамды тәрбиелеудегі ең негізгі құрал болып саналады. Сондықтанда болар бабаларымыз: Балаңды өз тәрбиенмен тәрбиелеме, өз ұлтыңның тәрбиесімен тәрбиеле, – сонда ғана оның болашағы биік деген.

Ұрпақ жалғастығымен адамзат баласы мың жылда жасап келеді, сәт сайын өзгеріп, өрлей дамыған тірлік жалғасуда. Адамзат еншісіне ғана тиісті сол тірлік дамуының бағбаншысы – тәрбие. Тәрбие дегеніміз – аға буынның кейінгі ұрпаққа мирас етіп табыстар озық тәжірибесі, үлгі – өнегесі, әдет – ғұрып, рухани байлығы болса, халық педагогикасы – қазақ халқының сан ғасырдан бері атадан балаға қалдырған өлмес мұра.

Қоғамымыздағы кездесетін кейбір келеңсіз жағдайларға: тілден, діннен, арбау мен алдау, кісі өлтіру мен ұрлық, әділетсіздік пен қайырымсыздық, нашақорлық атаулыға тосқауыл болатын жол табу қажеттігі туындайды. Оның тиімді жолы – халық педагогикасына сүйенген ұлттық тәрбиенің болашағы зор.

Ұрпақ тәрбиесі – бұл болашақ тірегі. «Адамзат ұрпағымен мың жасайды» дегендей ұрпақ тәрбиесі – қай кезде де халықтың мәселе болған. Бүгінде, мектеп оқушыларының түрлі тәртіпсіздікке жол бермеуде, үлкен мен кішінің жарасты сыйластығын қалыптастыруда, ағайын – туыстардың ауызбіршілігін орнықтыруда әкелердің ықпалы ыдырап, үлкендердің тыйым салмауы олардың тәрбиесіне балта шабу. Өзімнің сараптауым бойынша, бұрынғы әкелер ұлдарын қастарына ертіп ел аралайды екен. Онда барған үйлерінің ылғи көрегенді шаңырақ ақылгөйі бар ақылдарды көрсетеді екен: балаға өзге шаңырақтағы ұлағатты істерді көрсету болған екен. Ал, қазір ше? Әкелер емес. .. Шешелер сөйлейтін заман болды. Халқымыздың болашағы – ұрпақ тәрбиесінде екендігін кейбір шешелер біле ме екен? Тәрбие жетілген сайын халық соғұрлым бақытты болатындығын адамзат тарихы дәлелдеген. «Тәрбие – халықтың ғасырлар бойы жинақтап, іріктеп алған озық тәрбиесі мен ізгі қасиеттерін жас ұрпақтың бойына сіңіру, дүние танымын, өмірге деген көз қарасын және соған сай мінез – құлқын қалыптастыру», - делінген тәлім – тәрбие тұжырымдамасында. Тәрбиенің ең маңызды түрінің бірі – ең алдымен өз халқын, өз Отанын сүюден басталуы да ерекше.

Менің түсінігім бойынша – мұғалім мамандығы жасандылықты қаламайды, уақыт талабынан қалыс қалуға төзбейді. Балалар біздің болашағымыз. Ертеңіміз, болашағымыз өсіп

келуде. Бізден жаңа қоғам ғана жасалып келе жатқан жоқ, жаңа адамдар жасалып келеді. Ұстаз шәкіртін түсіне білуі керек. Сену керек. Дос болу керек. Ұстаз болу – қиын, бірақ ардақты іс-шәкіртпен ұстаз арасында достық сезімнің берік болуы қажет. Бала жүрегіне жол таба білмеген мұғалім кейде оны өзіне қойып алады, бала ерегiскiш келеді.

Бала тәрбиесі үлкен өнер. Әр балаға, әр түрлі тәсіл керек. Біреуіне ақыл айтсаң да жетеді, біреуіне ақыл жүрмейді, мінез-құлқына қарай амал табу керек. Бала жүрегі кішкентай ғана күй сандық, ол кілтін тапсаң ғана ашылады. Мұғалімдердің қолында әр кез сол кілт жүруі керек.

Қорыта келіп, өмірін осы қызметке арнаған адамды, өз өнерін, бойындағы барлық қасиеттерін дарытқысы келетін адамды нағыз ұстаз деп атауға болады. Олай дейтінім болашаққа ізгілік нұрын себушілер – олар. «Жаңа адамды тек жаңашыл ұстаз ғана тәрбиелей алады». Өнегелі адамды тек өнегелі ұстаз ғана ұстаз тәрбиелей алады. Сонда ғана, жастар болашағының шоқтығы биік болмақ. Сол ұлы тәрбиелі жолда шаршамай, ізгілік нұрын себуші, жол нұсқаушы ұлағатты ұстаздар. Менің түсінігім бойынша- мұғалім мамандығы жасандылықты қаламайды, уақыт талабынан қалыс қалуға төзбейді.

Сол ұлы тәрбиелі жолда шаршамайық, ізгілік нұрын себуші, жол нұсқаушы ұлағатты ұстаздар!



БИБИМАРИЯМ БАЙТҮГЕЛОВА,

Шардара ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімінің «№1 М Әуезов атындағы жалпы орта мектебі» КММ-нің директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары

ҰСТАЗ ЖҮРЕГІНІҢ СЫРЫ

Ұстаздық еткеніме 30 жылдан аса уақыт болыпты. Уақыт неткен жүйрік?! Күнделікті өмірде алға қойған мақсатыңа жетемін деп жүргенде ардагер болып қалғанымды байқамай да қалыппын. Өмір өзенде небір қуаныштар мен реніштер де болды. Өзімнің өмір жолымдағы кедергілермен күресуді, жетістікке жетуді қалай өткізсем, шәкірттеріме де өз тәжірибиеммен солай үйреттім.

Дүниенің кілті білімде десекте, адамгершілік бәрінен биік тұруы керек. «Ұстазым» -деп сені әспеттейтін шәкірттің болмаса ұстаздық өмір бекер болар еді.

Алғаш, университетті 1986 жылы бітіріп келгенімде «Достық» орта мектебіне жолдамамен барып, бір жыл еңбек еттім. Мені жас маман ретінде қабылдаған ұжымның қамқорлығы әлі күнге дейін көз алдымда. Мектеп директоры Датқаев Махамбет ағайдың жылы жүзі, жол сілтеген ағалық ақылы, менің тамаша адамдармен қызметтес болып, тәжірибие жинақтауымның алғашқы баспалдағы еді.

Ұстаздық жолымды 1988 жылы қазақ халқының заңғар перзенті Мұхтар Әуезов атындағы орта мектебінде жалғастырдым. Мұнда, мен, өз шәкірттеріне саналы тәрбие мен терең білім бере білген Арал Сыздықов, Бибісара Әбиболлаева, Сәрсенбек Мәмілеев, Гүлай Қайымова, Әбдірәсіл Әлібаев, Сырлығыз Дәбешова, Рабиға Айдосова, Ұлбазар Бабабекова, Гүлжан Өтенова, Сәбира Нұрманова, Зарифа Балғаева т. б. сияқты ұстаздармен қызметтес болдым.

Өсіресе, сол кездегі оқу ісінің меңгерушісі болған Бибісара апайымның берген ақыл-кеңесіөте маңызды болды. Көпті көрген, зиялы жан маған ғана емес, менің сол кездегі қатарластарыма да өзінің жанашырлығын көрсете

білді. Қазір жоғарыда аты аталған ағай, апайларымыздың дүниеден өтіп кеткендері де бар. Жатқан жерлері жайлы болсын деймін.

Шәкірттер жүрегіне жол табу ұстаз үшін таптырмас қасиет. Сондай аға буын қатарында: Тасыбеков Тоқсанбай, Пахымбетов Сатыбалды, Қойлиева Сапаркүл, Әлсейтова Сара, Қарабаева Набат, Асылбекова Райхан сияқты ұстаздарымызды атаған болар едім. Әрине, бұл ұстаздарымыз қазіргі таңда бейнетінің зейнетін көруде.

Менің тұстастарымның өзі білікті мамандар еді. Мектебіміздің биіктен көрінуі үшін талмай еңбек етті. Аудандық, облыстық, республикалық дәрежеде сайыстарға, олимпиадаларға қатысып, шәкірттеріне үлгі бола білді.

2002 – 2004 жж ғылыми жұмыс жазып, Жарқынбекова Рабияның оқушылары: Ахатаева Әлия мен Жанәділ Жарқынбек Республикада жүлделі орындарды иеленді. Тоқшабай Бағдаттың шәкірттері: Адаев Болат Республикалық олимпиада да жүлделі II – орын алса, Танабаева Назерке есімді шәкірті ғылыми жұмыстан 2009 жылы жүлделі орын алып, Семей Университетіне гранд жеңіп алып, мектебіміздің мәртебесін асқақтатты.

Алаштың ардақтысы Мағжан Жұмабаев «Педагогика» деген еңбегінде, «Әрбір тәрбиеші баланы ұлт дәстүрімен тәрбиелеуге міндетті» -деп жазған екен. Өзін болашақтың бағбаны - ұстазбын деген азаматтың кеудесінде еліне, жеріне, ұрпағына деген махаббат жалындап тұруы керек. Сол махаббатпен шәкірттерге тәрбие мен білім берсек, ұрпағымыз озық ойлы азамат болады деп сенемін. Әрқашан да мұғалім болашақтың бағбаны екенімізді естен шығармауымыз керек. Біздің еңбегіміздің жемісі - адамгершілігі биік,

саналы, көзі ашық, көкірегі ояу, кез келген ұлт пен ұлысты өзіне тең дәрежеде ұстай алатын ұрпақ деп білемін.

Ұрпақ тәрбиесінде ұзақ жылғы еңбегім еленіп, бірнеше мемлекеттік наградалармен

марапатталдым. Ұстаздық еңбегімнің бағаланғаны деп Білім және ғылым министрлігінің «Ыбырай Алтынсарин» төсбелгісімен марапатталуым мен үшін өте ерекше болды.



АКЕРКЕ ЖАЙЛАУ,

№1 М. Әуезов атындағы жалпы орта мектебі» КММ-нің әлеуметтік педагогы



АЙГЕРИМ ХАЛМУРАДОВА, ЖАНАТ ТАНАБАЕВА,

№1 М. Әуезов атындағы жалпы орта мектебі» КММ-нің әлеуметтік талдаушылары

МЕКТЕПТЕГІ ӘЛЕУМЕТТІК ПЕДАГОГТЫҢ РӨЛІ

Қоғамда қандай да бір объектіні зерттеу қажеттілігі туғанда ол белгілі бір көзқараста қарастырылатыны белгілі. Әрбір объект жеке-жеке зерттеуді қажет ететін бірнеше тараптар мен қасиетке ие болады, яғни қандай да бір ғылымның заты болып табылады. Ғылым затын анықтау көптеген факторларға ең алдымен осы саладағы жеткен жетістіктерге ғылымдар алдына қоятын әлеуметтік практиканың дамуына байланысты.

Қазіргі кезеңде әлеуметтік жұмыстың өзіндік әлеуметтік ғылым және оқу пәні болып қалыптасу қарқынды жүріп жатқан кезеңде әлеуметтік педагог жұмысының мәні мен негізгі белгілері туралы көптеген көзқарастар бар.

«Әлеуметтік педагогтар» адам мен адамның инабаттылық қатынастары қажеттілігінен туындаған әлеуметтік іс-әрекет құбылысы. Бұның бастауы ежелгі дүниеден келе жатқан адам қайырымдылығы мен алдындағы борышты сезінуден, қасіретті жандарға қол ұшы көмегін беру жүйесі қалыптасқан. Дегенмен, арнайы дайындықты қажет ететін бұл әлеуметтік жұмыстар біздің заманымызда ғана қоғамдық кәсіп түрінде танылып жатыр.

Әлеуметтік педагог сонымен бірге, адамның қоғам қолайсыздықтарына икемделуін жеңілдететін үздіксіз, жүйелі орындалып баратын іс-шаралар бірлігі. Мектеп өмірінде әлеуметтік педагогтардың орны ерекше. Олар жеке тұлғаның тәрбиесі мен қалыптасуына әлеуметтік ортаның әсерін зерделейтін, әлеуметтік орынның нақты шарттарын есепке ала отырып, жеке тұлғаға тәрбие беруін оңтайландыру бойынша іс-шаралар жүйесін әзірлейтін педагог.

Соған орай, №1 М. Әуезов жалпы орта мектебінде әлеуметтік педагогтарының анықтауымен көп балалы оқушының саны - 412, атаулы әлеуметтік көмек алатын отбасынан шыққан оқушылар саны - 120 оқушы және жартылай жетім - 105 оқушы анықтаған. Мектебімізде 1-потранат бала, 2-тұл жетім бала білім алуда. Мемлекет тарапынан берілетін киім-кешекте бізде 243-бала тіркеліп, қазан айында толық қамтамасыз етілді.

Әлеуметтік педагогтардың жұмыс жоспарына сәйкес қайырымдылық көмек ретінде қыркүйек айында жыл сайынғы дәстүрлі шараға айналған «Мектепке жол» қайырымдылық акциясы өз дәрежесінде жүргізіліп, онлайн оқуға

мүмкіншілігі жоқ оқушыларға демеушілер тарапынан кеңсе тауарлары, қайтарымсыз планшет беріліп, көмек қолы созылды. Нақтырақ айтсақ, демеушілік есебінен 4 оқушыға планшет берілді.

Сонымен қатар, биыл карантинге байланысты қашықтықтан оқығандықтан мемлекет тарапынан қайтарымды 15 оқушыға планшет, 20 оқушыға компьютер, 150 оқушы ноутбукпен қамтамасыз етілді.

Жаңа жыл қарсаңында аудан әкімі 2 оқушыны құттықтап, үйіне барып, сыйлық беріп

қайтты. Алдағы уақытта акция жалғасын тауып, демеушілер тартылып отырады.

Сонымен әлеуметтік педагог жұмысының мәні қиын жағдайға ұшыраған, әлеуметтік, психологиялық, адамгершілік сияқты әртүрлі проблемалары бар оқушыларға қолдау көрсетіп, қорғауды талап етеуден тұрады. Мұндай оқушылармен жұмыс істей отырып, жеке басының ғана емес, кәсіптікке айналатын: жанашырлық, бірге күйзелу, қайғыра білу сияқты белгілі-бір қасиеттерге ие болуы керек.





ГҮЛАЙША СЕРІКБАЕВА,
№1 М. Әуезов атындағы жалпы орта мектебі
бастауыш сыныптар бойынша оқу ісінің меңгерушісі
Түркістан облысы, Шардара ауданы

САПАЛЫ БІЛІМ БЕРУ - БАСТЫ МІНДЕТ

Білім-игілік пен бірлік, байлық пен дәулеттің негізгі көзі. Абай атамыз: «Адамның көңілі шын мейірленсе, білім-ғылымның өзі де адамға мейірленіп, тезірек қолға түседі деген екен. Сондықтан бүгінгі жастар ілім-білім жинауға қашанда асығып, болашақта озық ойлы, өрісі кең, өрелі азаматтар болуы қажет. Ел ертеңі осы шәкірттеріміз. Білім беру ел болашағы үшін –аса жауапты іс. Осы жағдайда №1 М. Әуезов атындағы жалпы орта мектебінің бастауыш сыныптары бойынша білім беріп, өз шәкірттеріне ықыласпен еңбек етіп жүрген 34 ұстазымыз бар. Әр мұғалім зор ынтамен еңбек етуде. Атап айтсақ көп жылдық еңбегі бар Билалова Л, Сырымбетова Ж, Нұрманова Ж, Қойайдарова Г, Қуатбекова Г, Мирзагельдиева Р. Сонымен қатар оқушыларына сапалы білім беріп жүрген ұстаздарымыз Сахова К, Рсымбетова Г, Қадырова М, Шүкірбаева Г, Қанаева А, Башарова Г, Құралова Х, Мейірбекова Г және өзін-өзі тану пәнінің мұғалімі Ахмедова Г.

Мұғалімнің басты көрсеткіші оқушының білім сапасы екенін ұмытпауымыз керек. Шәкірттің білімі ол ұстаздың еңбегі. Бастауыш сыныптар бойынша 21 сынып бар, оқушы саны 491. Осы оқушылардың 101 оқушысы оқу озаты болса, 123 оқушы оқу екпіндісі. Әрбір пән мұғалімдеріміз сапалы еңбек етуде. Бастауыш сыныптар бойынша білім сапасы әр оқу жылында барлық пәндер бойынша жоғары көрсеткіш көрсетіп келеді. 1-4 сыныптардағы білім сапасы бойынша көрсеткішіміз 2018-2019 оқу жылында оқушылардың білім сапасы 77% ,2019-2020 оқу

жылында -78% ,2020-2021 оқу жылында -78% болды.

Қазақстанда коронавирусқа байланысты төтенше жағдай жарияланды. Елімізде жоғары және орта білім беру мекемелері мен жалпы орта білім беретін мемлекеттік және шағын жинақты мектептер қашықтықтан оқыту жүйесіне көшті. Соған қарамастан қазіргі таңда сапалы ең бастысы нәтижелі білім беруді ұйымдастыру қиындай түссе де ұстаздарымыз қажырлы еңбек етуде. Қашықтықтан білім беру жүйесінде ақпараттық және телекоммуникациялық технологияны дамытудың тиімді құрылымы –білім порталдары болып табылады. Порталдың негізгі міндеті жоғары технологиялы оқу процесінің қолдауы арқылы бірінғай білімді ақпараттандыру ортасының дамуына өз үлесін қосу. Қашықтықтан оқыту тәсілі бойынша жұмыс істейтін педагог оқытудың компьютерлі және тораптың жүйелерін жетік біліп олармен іс жүргізуде.

Себебі қашықтықтықтан оқыту кезінде де оқушылардың білім сапасы төмендеген жоқ.

Осы орайда ұстаздарымыз оқушыларға сапалы білім беруде қажырлы еңбектің арқасы болып табылады.

Ел ертеңі шәкірттеріміз! Еліміздің болашағы –жастар екенін ұмытпауымыз керек. Сондықтан да ұстаздың басты міндеті білім беру болып табылады.

Шәкірттеріне аса мейірімді, сөзіне берік, шыншыл мінезді, жүрегі батыр, өнегелі, жаны жомарт, пейілі дархан, ерен еңбекшіл ұстаздардың еңбегіне табыс тілеймін.



ГҮЛАЙЫМ ҚУАТБЕКОВА,

№1 М. Әуезов атындағы жалпы орта мектебінің
бастауыш сыныптар бойынша бірлестік жетекшісі
Түркістан облысы, Шардара ауданы

БІЛІМ НЕГІЗІ - БАСТАУЫШТА

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев «Еліміздің ертеңі бүгінгі жас ұрпақтың қолында, ал жас ұрпақтың тағдыры ұстаздардың қолында», -деп мұғалімдер қауымына үлкен сенім, жауапкершілік артқан болатын. Олай болса, адам баласын ұлы мақсаттарға жеткізетін ұлы күш білім, оны жас ұрпақтың бойына дарытушы ұстаздар қауымы екені сөзсіз.

Абай атамыз айтқандай «Ұстазсыз шәкірт –тұл, шәкіртсіз ұстаз тұл»деп адам баласының кісі болып қалыптасуы көбінесе ұстауға байланысты. Шәкірт ұстазға қарап өседі. Ол ұстазының білімін, берген тәрбиесін, кеңесін алады. Ұлағатты ұстаздан тәрбие алған адам жақсы қоғам қайраткері, ұлы тұлға болып өседі. Алайда білімге қызықтырып өз әлеміне баурап алу үшін ұстазға дариядай терең білім биік парасаттылық талмас еңбекқорлық, таза ниет керек.

Біздің мектебімізде дәл осындай қабілет пен қасиеттерді бойына сіңіре білген ұстаздарда жетерлік. Мектеп жетістігі үшін биік парасаттылық талмас еңбекқорлықпен бастауыш бірлестігін басқарып отырған директордың оқу ісі жөніндегі меңгерушісі Серікбаева Гулайша

апайымыздың еңбегі ерен екенін атап айтқым келеді.

Бастауыш бірлестігінде білікті ұстаздар мен білімді оқушылар көптеген байқаулар мен сайыстарға олимпиадаларға қатысып ұжым абройын асқақтатты. Атап айтар болсами «Ақ бота» интеллектуалды марафоннан жүлделі орын алған оқушыларымыз Ергеш Темірлан, Жұмабай Қарақат, Еркиналиұлы Заңғар, Избасар Каусар. І-орынды иеленді. Тұрғанбек Ұлжарқын, Халмұрат Ерсұлтан ІІ-орынды иеленсе Ауелбек Ақмерей ІІІ-орынды иеленді. Математика ғылымдар – патшасы облыстық олимпиадаға оқушылар қатысып Утеубек Гүлсезім, Арзиев Есенғали екі оқушымыз бас жүлдені жеңіп медалмен марапатталды.

«Тіл өнері»Республикалық олимпиадада Серікбай Мейіржан, Батырбай Еркеназ, Құралбай Елнұр, Кәрім Бақдаулет І-орынмен марапатталды.

«Жақсының жақсылығын айт нұры тасысын» деп дана халқымыз айтқандай осы орайда ұстаздарымыздың еңбектерін айтып өтпеу әділетсіз деп білемін. Досанова А, Ашекова Г, Раушанова М, Құдабаева П, Мұратханова М,

Тасбулатова Ж, Құлахметова А, Карманова Ш, Кадирова М, Шүкірбаева Г, Туребекова Г, Пирназарова Р, Талбудинова Л апайлардың еңбектері өте зор. Шәкірттерінің жетістікке жетуіне үлкен үлес қосуда. Жаста болса тынбай

еңбек етіп жүрген ұстаздарымызда бар. Атап айтар болсам Туракулова Айкерим өзінің ұстамдылығы мен білімімен балаларды өзіне баурап алған.



Елімізде болып жатқан төтенше жағдайға байланысты оқушыларды қашықтықтан оқыту кезінде де ұстаздарымыз олимпиада, сайыстардан қол үзіп қалған жоқ. Оқушыларды онлайн режимі бойынша түрлі олимпиадаларға қатыстырып жетістіктерге жетіп отырды.

Атап айтар болсақ, «Алтын ұрпақ» зияткерлік олимпиадасына 70 оқушы қатысты 60-оқушы жүлделі орынмен марапатталды.

2-сынып оқушысы Утеубек Аятнұр. Бас жүлдені жеңіп алып медалмен марапатталды.

Міне осындай жетістікке жетудің бірден бір жолы ұстаздарымыздың ерінбей еңбек етуінде.

«Ісіңізге, еңбегіңізге, оқуыңызға нағыз адамгершілікпен кіріссеңіз, сөз жоқ жеңіске жетесіз» деген екен ғалым Қаныш Сәтбаев.

Осы орайда осы мектепте қызмет жасайтын ұжымыма өз ісіне берілген, жаңалықты жатсынбай қабылдайтын, шәкіртінің жанына нұр құйып, өмірге өзі де бақытты болып, өзгелерді де бақытқа жеткізсем деп жүретін барша ұстаздар қауымына шығармашылық шабыт пен толағай табыстар тілеймін.





ГҮЛМИРА АЙТБАЕВА,

Адами әлеуетті дамыту бөлімінің қарасты «№1 М. Әуезов атындағы жалпы орта мектебінің» директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары
Түркістан облысы, Шардара қаласы

ОТБАСЫНДАҒЫ ЗОРЛЫҚ-ЗОМБЫЛЫҚ: БАЛАҒА ҚАЛАЙ КӨМЕКТЕСУГЕ БОЛАДЫ?

Тәуелсіздік төрімізден орын алған қоғамымыздағы ең басты құндылық – адам бостандығы. Адамның және адамзаттың құқықтары мен бас бостандықтарын қамтамасыз ету және қорғау – Конституциялық заңдылықтың басты талабы.

Қазақстанда салауатты өмір салтына қол жеткізуде, денсаулықты сақтау мен нығайтудағы басты міндеттің бірі – бала құқығын қорғау, зорлық зомбылыққа қарсы күрес жүргізу. «Ата көрген оқ жонар, шеше көрген тон пішер»

демекші, балаға отбасы тәрбиесінің әсері мол. Бала тәрбиесіне әсер беретін өскен ортасы, ата – ананың тәрбиесі дұрыс болмаса, жаман әсерлер адамды азғырып, түрлі жаман мінезді жұқтырады. Отбасындағы ата – ананың мінез құлқы – баланың көз алдындағы үлгі, өнеге алатын, оған қарап өсетін нысаны. Нашакорлық, темекіге, ішімдікке үйірлік бұзықтық жолға түсіп, зорлық – зомбылық жасауға мүмкіндік туғызады, еңбек етуге, қоғамға, денсаулыққа, ұрпаққа, отбасына зиянын тигізеді.



Елімізде отбасындағы тұрмыстық қатынастар саласындағы құқық бұзушылықтың алдын алуға бағытталған заңды нормалар қарастырылған. Бұл заңда әйелдер мен балаларға қатысты зомбылықтың алдын алуға бағытталған профилактикалық шаралар көрсетілген.

Зорлық-зомбылықтың баланың мінез құлқына әсер ету ерекшеліктері бар. Ата-анасы жіне басқа да заңды өкілдері ата-аналық құқықтарын жүзеге асырған кезде баланың дене және психикалық денсаулығына, оның имандылық дамуына зиян келтіруге құқылы емес. Баланы тәрбиелеу тәсілдерінде баланың адамдық қадір-қасиетіне менсінбей дөрекі қарау, оны қорлау немесе қанау болмауға тиіс.

Балаларға қамқорлық жасау, баланың абыройы мен құқықтарын құрметтеу – бұл тек мемлекеттің ғана емес, сонымен қатар жекелеген әрбір адамның міндеті.

Бала тәрбиесінде тәрбиелілікке жетудің жолы – еңбекке, әдептілікке, инабаттылыққа, адамшылыққа, қайырымдылыққа үйрету. Осылардың барлығын балалардың бойына сіңіріп, күнделікті өмірде әдетке айналдыру тәрбиенің басты мақсаты болмақ.

Отбасында ата-анадан алған тәлім тәрбиесі қандай дәрежеде деген сұрақ туындайды.

Бұл сұраққа толық, жан-жақты жауап беру әзірге қиындау, оған дәлел – бүгінгі қоғамымызда қылмыстың күннен күнге көбеюі. Біздің ойымызша, оның себебі жастарымызға уақытында ұлттық тәрбиені бере алмағанымыздан туындағаны жасырын емес. Әрине, қазіргі таңдағы әлеуметтік-тұрмыстық жағдайдың нашарлауы да бұған әсер етуде. Сонымен қатар тәрбие саласына аса мән беру бүгінгі күннің өзекті мәселесі болып табылады. Ал осы өзекті мәселе өкінішке орай, тек мектептің ғана міндеті деп түсінетін ата-аналар да табылып жатады.

Балалар – еліміздің болашағы. Оларды тәрбиелеу, оқыту, білім беру, болашаққа қадам бастырып, осы өмірде өз орнын таптыру әр ата-ананың міндеті. Ананың беаік жырынан басталатын қарым-қатынасы, іс-әрекет, әдет-ғұрып, салт-дәстүр, осылардың бәрі адамның дүние танымын, сана-сезімін, мінез-құлқын қалыптастыратын тәлімдік мұра. Отбасында зорлық, қатыгездік көріп өскен бала ашулы, сабақ оқуға көңілі болмай, мектепте, қоршаған ортада құрбыларымен әрдайым келіспеушілік танытып жатады. Осындай әрекеттерден жасөспірімдер арасында құқық бұзушылық, тәртіп бұзушылық туындап, айналып келгенде балаға зияны тиеді.



ЖАНАР АЛЬСЕИТОВА,

Адами әлеуетті дамыту бөлімінің қарасты №1 М. Әуезов атындағы
жалпы орта мектебі» ағылшын тілі пән бірлестігінің жетекшісі
Түркістан облысы, Шардара қаласы

ҚАШЫҚТЫҚТАН ОҚИТУ – УАҚЫТ ТАЛАБЫ. АҒЫЛШЫН ТІЛІ ПӘН БІРЛЕСТІГІ

Қашықтықтан оқыту көп жылдан бері оқу орындарында дәстүрлі түрде өз орнын тауып келген оқытудың бір түрі екендігі бәрімізге мәлім. Дегенмен, қазіргі таңда әлемде болып жатқан індеттің таралуына байланысты бұл оқыту түрінің маңыздылығы арта түсті. Себебі еліміздегі мектептер Covid-19-дың таралу қаупіне байланысты өз жұмыстарын тоқтатып, оқушыларды қашықтықтан оқытуға кірісті. Ал қашықтықтан оқыту босаңсуға жол бермейді, өйткені қазіргі заманғы технологиялар оқу үрдісінің барлық кезеңдерін қашықтық форматқа көшіруге толығымен мүмкіндік береді. Яғни, қашықтықтан оқыту карантин жағдайында оқу үрдісін жалғастыруға мүмкіншілік туғызып отыр. Бәрімізге белгілі қашықтықтан оқытуды ұйымдастырудың үш түрлі формасы бар: онлайн және офлайн, және кең таралған үшінші түрі – вебинар.

Қазіргі уақытта білім алудың ілгері даму мүмкіндігі зор тәсілдерінің бірі – заманауи телекоммуникациялық технологияларды, атап айтқанда интернет желісін қамтамасыз ететін мүмкіндіктерді қолдана отырып, қашықтан оқыту. Қашықтан оқытудың тиімділігі оған енгізілген педагогикалық мағынамен анықталады, оның түсіндірулерінің ішінде екі түрлі көзқарасты бөліп көрсету керек. Біріншісі, бүгінгі күні кеңінен таралған, қашықтықтан оқыту арқылы мұғалім мен оқушы арасында ақпарат алмасуды білдіреді.

Екінші тәсілде қашықтан оқытудың басым бағыты – қазіргі заманғы телекоммуникация құралдарының көмегімен құрылған оқушының жеке танымдылығының қызметі. Бұл тәсіл білім беру субъектілерінің өзара іс-қимылының интерактивтілігін және оқу процесінің өнімділігін қамтамасыз ететін ақпараттық және педагогикалық технологияларды біріктіруді көздейді. Бұл жағдайда ақпарат алмасу және жіберу оқушылардың нәтижелі білім беру қызметін ұйымдастыру үшін көмекші ортаның ролін атқарады. Оқыту нақты уақытта синхронды түрде жүреді (чат, бейне байланыс, қашықтағы студенттер мен мұғалімдерге ортақ “виртуалды тақталар” және тағы басқалар), сонымен қатар

асинхронды (электрондық пошта негізіндегі телеконференциялар).

Биылғы жаңа оқу жылына арналған жоспарлар жарияланып, бірінші тоқсан нақты қашықтан ұйымдастырылатындықтан республика бойынша білім беру ұйымдарының барлық педагогтері «Назарбаев Зияткерлік мектептері» дербес білім беру ұйымдарының педагогикалық шеберлік орталығы әзірлеген «Қашықтан оқытуды үйренемін» бес модульден тұратын онлайн-курсында білім алуда. Көзделген мақсаты – мұғалімдерге оқушылармен қашықтықтан жұмыс істеудің барлық қырларын үйрету және түсіндіру. Ең басты артықшылығы тыңдаушылар халықаралық stepik.org платформасына кез-келген ыңғайлы уақытта кіре алатындығында, яғни олар сабақ уақытына байланысты еместігінде (сондықтан осы курсқа ағылшын тілі пән мұғалімдері зор ықыласпен қуана қатысты).

Қашықтықтан оқыту – оқушы мен мен мұғалім алыстан немесе толық емес жанама өзара іс-қимылы кезінде ақпараттық-коммуникациялық технологияларды және телекоммуникациялық құралдарды қолдана отырып жүзеге асырылатын оқыту.

Қашықтықтан оқыту технологиясы бойынша оқытушының негізгі міндеті білім алушының келесі түрдегі орындалатын өз бетінше жұмысын басқару болып табылады: туындайтын мәселелерді қарастыру; мақсат пен міндеттерді қою; білім, тәжірибелерді беру; ұйымдастыру қызметі; білім алушылардың арасында өзара байланысты ұйымдастыру; оқу процесін бақылау.

№1 М. Әуезов атындағы ж. о. м ағылшын тілі бірлестігімізде жоғары білімді 18 мұғалім (Альсеитова Жанар Джунуспековна- бірлестік жетекшісі, Қожақметова Азиза Төлепбергеновна, Керімбекова Алия Турлыбековна, Кукешова Акмарал Талғатовна, Нуралы Гаухар Ахметханқызы, Байырбек Перизат Мамырқызы, Манаш Ляззат Ыдырысқызы, Дүйсебаева Жанар Мамбеткуловна, Қыйлыбаева Салима Срайловна, Биманова Шолпан Курмантаевна, Бижанова Камшат Оразовна, Тастанбек Камила Анварбекқызы, Тулешова Гульбахира

Рахматтулаевна, Мусаева Меруерт Каримовна, Шымалиева Меруерт Бауыржановна, Курбанова Перуза Рахматтулаевна, Карабаева Махаббат Уласовна, Сенбек Акерке Жандарбекқызы) еңбек етуде, оның ішінде үшеуі педагог-зерттеуші, 4-педагог-сарапшы, 3- педагог-модератор категориялы мамандар.

2018-2021 оқу жылдары аралығында бірлестік мүшелері сайыстарға қатысып жүлдері орындар, аудандық, облыстық, республикалық марапатталған ұстаздарымыз аянбай білім беруде.

29.10.2019ж мектебімізде ағылшын тілі бірлестігі жоғары дәрежеде аймақтық семинар өткізіп, тәжірибелермен, сабақта қолданатын әдіс-тәсілдермен аймақ арасында мұғалімдермен алмасты.

Ағылшын тілі пәнінен оқушылардың жетістіктері.

Ағылшын тілі пәнінен оқушыларымыз аймақтық, олыстық олимпиадаларға, сайыстарға қатысып, нәтижелерін көрсетуде.

2018-2019 оқу жылында, 3-11сыныптар арасында «British Bulldog», «Кенгуру-лингвист» халықаралық конкурстарға оқушылар қатысып, жүлделі орындарға ие болды;

Облыстық лингвистикалық зияткерлік сайысы. Үш тілде білім беруді дамыту бойынша 2018ж 14 ақпанында «Ақ желкен» облыстық байқауына қатысқан оқушылар. 21.10.2019 жылы “ALTYN QYRAN-ерекше дарын иесі” зияткерлік олимпиадасында 23 оқушы I, II, III дәрежелі дипломмен марапатталды. 2019 жылы ағылшын тілінен 3-11сыныптар арасында «British Bulldog» халықаралық конкурстарға оқушылар қатысып, дипломдармен марапатталды. 11 сынып оқушылары (Тәжібек Ақмаржан 11б, Қожахмет Айдана 11 б, Сүгірбаева Айтолқын 11б) Биманова Шолпан, Альсеитова Жанар жетекшілігімен ағылшын тілінде 2019 «Жастар жылы», «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыруға үлестерін қосып «Бір күнде-бір жақсылық жасайық 1+1+. ..» Республикалық акциясы аясында «Қабылдаған дұрыс шешімдерім-менің өмірлік ұстанымым» атты Үшінші эссе байқауына қатысқаны үшін,

Қазақстан республикасы мәдениет және спорт министрлігі Алғыс хатпен марапатталды.

Қазіргі таңда 2020-2021 оқу жылында (1-5,9,11 сыныптар) оффлайн режимінде, (6,7,8,10 сыныптар) онлайн білім алуда.

Бірлестіктегі ұстаздарымыз сабақты тиімді өткізу үшін қолданатын платформалар:

- Online Mektep платформасы
- Ағылшын тілі әдістемелік бірлестігі
- Bilimland
- balapan
- WhatsApp
- Zoom

2021ж. Ақпан айында ағылшын тілі пән мұғалімдері “Zoom « платформасын қолданып оқушылармен ашық сабақтар өтіп ұйымдастырылды. Ұстаздарымыз қашықтықтан оқыту технологиясын қолданып, әр-түрлі сабақтар өткізді; конференция, дебат, лекция, сайыс сабақтары

сылайша ағылшын тілі пән мұғалімдері бір-бірімен тығыз байланыста бола компьютерлік техниканы ұтымды пайдалана отырып, үздіксіз тәжірибе алмасуды іске асыруда.

Әрине, кез келген оқыту түрі біржақты бола бермейді. Яғни, оның өз артықшылықтары мен кемшіліктері де болады. Қашықтықтан оқыту түрінің еркіндігі мен икемділігі, географиялық жағдайға қарамайтын, кез-келген тұлғаның білім алу қажеттіліктерін қанағаттандыруға мүмкіндік тудыратын артықшылығы бар болғанымен, қашықтықтан жұмыс істеу кезінде қатысушылардың бір-бірімен жеке байланысы аз, кейде мүлдем жоқ деп те айтуға болады. Сондықтан мұндай оқыту нысаны коммуникабельділік, сенімділік, командада жұмыс істеу дағдыларын дамыту үшін қолайлы емес. Дегенмен, карантин аяқталып, өз жұмыс орнымызға оралған жағдайда дәстүрлі оқыту түрімен қатар қашықтықтан оқыту түрін де бірге ала жүреміз деген ойдамыз. Себебі жаңа ғасыр адамзаттан оның кәсіби қызметіндегі барлық өзгерістерді біліп, үнемі білім деңгейін жетілдіріп отыруды қажет етеді.





ЗАФИРА САТТАРОВА,

№1 М. Әуезов жалпы орта мектебінің бастауыш сынып мұғалімі
Түркістан облысы, Шардара ауданы

БАЛАНЫҢ АЛҒАШҚЫ ҰСТАЗЫ — АТА-АНАСЫ

Бала тәрбиесі ата –ана үшін күрделі де жауапты міндет. Баланың өмірге бейімдеуде мектеп, ұстаз және ата –ананың орны бөлек. Тәлім –тәрбиелік жарасымдылық мектеп пен ата –ана, әлеуметтік орта бірлесіп жұмыс істеген жағдайда ғана үйлесімділік табады.

Қай халық болсын ұрпағының тәрбиесіне терең мән беріп, болашағына үнемі аландаушылықпен қараған. Ұрпақ тәрбиесі келешек қоғам мұрагерлерін тәрбиелеу ісі. «Отан отбасынан басталады» демекші, ата –аналар мен ұстаздар қауымы үшін жас ұрпақ тәрбиелеп, оны қоғам мүддесіне жарату кезек күттірмейтін мәселе. Осы мәселеге ата –аналар мен ұстаздар қауымы болып бірге атсалыссақ, алар асуымыздың биік болары сөзсіз.

Адамгершілік –адамның рухани арқауы. Ал моральдік жағынан кіршіксіз таза болу дегеніміз-адамгершіліктің асқар шыңы. Адам баласы қоғамда өзінің жақсы адамгершілік қасиеттерімен ардақталады. Адамгершілік негізі –имнадылық пен ізеттілікте. Ол әрбір отбасынан басталады. Осыны жадында тұтқан қазақ халқы жастарды кішіпейілділікке, ізеттілікке, инабаттылыққа тәрбиелеуді бірінші міндет деп санаған. Ер балаларға үлкендерге қос қолдап сәлем беруді, қыз балаларға ибалық жасап жол беруді, жасы үлкендердің алдын кесіп өтпеуді уағыздаған. Жастардың жанына сыпайылық, кішіпейілділік қағидаларын үнемі сіңірумен болған Жастарды саналы тәртіпке тәрбиелеу мәселесі ерекше маңызға ие.

Халық «Ұяда не көрсе, ұшқанда соны ілер» дейді. Жас шыбық иілгіш болса, жас адам да сондай жақсыға да, жаманға да бейім болатыны баршамызға аян. Ата –ананың үйдегі іс –әрекеті балалардың көз алдында өтеді. Сондықтан жақсы

мен жаман әдетіміздің бала тәрбиесіне ықпалы зор.

Бүгінгі бәсекеге қабілетті талап еткен қоғамда жас ұрпақты сол қоғам мүддесіне сай, оның мұң –мұқтажын өтерлік, елін, жерін, халқын көзінің қарашығындай қорғайтын ұлтжанды, отаншыл азамат етіп тәрбиелеу көзделінеді.

Бүгінгі ұрпақ –еліміздің болашағы. Біздің алға қойған мақсатымыз –қазіргі қоғам мұратына сай жан –жақты жарасымды тұлға өсіру.

Жеке тұлғаның өзін қоршаған ортадан тәрбиені бойына сіңіріп өсуін өсімдіктің күн сәулесі арқылы өскені сияқты қарастыруымызға болады.

Күн сәулесі өсімдік тіршілігіне қандай қажет болса, тәрбие тұлғаның дұрыс өсіп жетілуіне соншалықты қажет. Ұрпағымызға дұрыс тәрбие бере алсақ, оның жан дүниесі де дұрыс қалыптасып жетіледі, яғни бойына жақсы қасиеттерді сіңіріп өсіреді. Бұл қасиеттердің бәрі адамның бойында бала кезінен бастап тұрақты қалыптаспақ. Баланың өмір сүруге құштарлығының оянуы жақсы мен жаманды ажырата білуі өзін қошаған ортасына, мұғаліміне, ата –анасына, құрбы –құрдастарына, олардың іс –әрекеттеріне және де басқа да қасиеттеріне байланысты.

Кешегі күнсіз келешек жоқ. Бүгінгі ұрпақты сонау замандардан жинақталған ата –бабаларымыздың мол мұрасымен сусындату –біздің міндетіміз. Ұлдың батыр, қыздың әдепті болып қалыптасуы бабаларымыздың өнеге –өсиетін сабақта ұтымды пайдалана білуімізге де байланысты деп ойлаймын.

Әке –шешесі жақсы болса, балалары да жақсы тәрбие алып өседі. Бұл сөздерді біз өте жиі естісек те, соншалықты жиі «жақсы әке –шеше» деген сөз қандай мағына беретінін түсіндіре

алмаймыз. Әке –шеше болатын адамдар жақсы ата – ана болу үшін арнайы әдебиеттерді оқу немесе тәрбиенің ерекше тәсілдерін үйрену керек деп ойлайды. Әрине педагогикалық және психологиялық білім керек, бірақ бұл әдетте жеткіліксіз болып табылады. Адамның қандай да бір іс –әрекетін бағалағанда көбінесе біз белгілі бір нормалар мен идеалдарға сүйенеміз, тәрбие іс –әрекетінде мұндай нормалар жоқ. .. Әйел болуды, күйеу болуды үйренген тәртізді немесе қандай да бір жұмыста шеберлікке үйренген тәртізді әке –шеше болуды да үйренеміз. Жақсы әке –шеше болуда қандай да бір әрекет түрінде қателіктер, сенімсіздіктер, сәтсіздіктер, жеңілістер сонымен қатар жеңістер де болуы мүмкін. Отбасындағы тәрбие сол өмірдің өзі болып табылады. Және де біздің жүріс – тұрысымыз, тіпті біздің балаға деген сеніміміздің өзі де күрделі, бірқалыпсыз, кейде карама – қайшылықта болып келеді. Балалар бір –біріне қаншалықты ұқсамайтын болса, әке мен шеше де бір –біріне соншалықты ұқсас емес. Баламен қарым –қатынас та терең индивидуалды және бір –біріне ұқсамайтын болып келеді.

Әке-шешенің көбісі балаға жақсы көретінін білдіртпеу керек деп ойлайды. Олардың ойынша баланы тым жақсы көру олардың ерке болуына, өзімшіл болуына әкеп соғады деп ойлайды. Бұл ойды жокқа шығару керек. Осы жағымсыз тұлғалық қасиеттер керісінше, осы балаға деген махаббаттың жетіспеушілігінен пайда болады.

Баламен үнемі терең психологиялық байланыс орнату –тәрбиенің әмбебап шарты болып табылады. Бұндай байланыс балаға қай жаста болса да керек. Ата –анасымен байланысты білу, сезіну –балаға әке –шеше махаббатын, қамқорлығын сезінуге мүмкіндік береді. Осыған баланы сендіру керек. Тәрбие диалогын қалай құру керек. Оның психологиялық сипаты қандай болу керек. Ондағы басты мақсат –ортақ мақсатқа бірге талпыну, әр түрлі ситуацияларда әке –шеше мен баланың біржақты бағыт ұстануы болып табылады. Бұл көзқарастар мен бағалаудың міндетті түрде бірдей болуы керек деген сөз емес. Көбінесе әке –шеше мен баланың көзқарастары сәйкес келе бермейді. Дегенмен мәселелерді

шешуде екі жақ бір бағыт ұстанатын бала әрқашан білуі, түсінуі керек.

Бала әке –шешенің тәрбиелеу объектісі емес, ортақ отбасылық өмірдің одақтасы болу керек. Сондықтан отбасылық өмірге, мақсаттар мен жоспарларға ортақтас болғанда ғана біржақты тәрбие жойылып, маңызды диалог құрыла бастайды.

Диалогтық тәрбиелік қарым –қатынастың ең басты сипаты –бала мен ересектің позицияларын тең деңгейде қоюы болып табылады.

Тәрбие диалогтан басқа өте бір маңызды ереже бар. Әке –шеше мен бала қатынасының бұл жағы психологиялық тілде –баланы қабылдау деп аталады. Қабылдау сөзінің мағынасы –баланың индивидуалды болуына, басқаға және әке –шешесіне ұқсамайтын болуына деген құқығын қабылдау. Баланы қабылдау –баланың өзіне сай ерекшеліктерін, тұлғалық қасиеттерінің жақсы жақтары мен жаман жақтарын бірдей қабылдай білу. Ең алдымен әке –шешенің баламен қарым –қатынасын бағалауына назар аудару керек. Оның мінезінің ерекшеліктері мен тұлғалық қасиетіне жағымсыз баға беруден міндетті түрде бас тарту керек. Өкінішке орай көптеген әке –шешелерде «Өй, миғұла қолыңнан түк келмейді. , басқа балаларға қарашы қандай, а!», «Неге ғана сені өмірге әкелдім екен?» сияқты сөздер әдетке айналып кетті.

Қорытындылай келе, тәрбиедегі ең басты ережелер – балаға керекті кезде назар аудара білу, оған деген махаббатты қай жаста да көрсете білу, оның көзқарастарын ерекшеліктерін түсіне білу болып табылады дегім келеді

- Отбасында баланың жеке тұлға ретінде қарау;

-Баланың өзін –өзі басқару (финанс, іс –әрекетт. б.)

- Баланың табиғатына сәйкестендіріп, кәсіп таңдауға бағыт –бағдар беру;

Сонымен жаңа ғасырда, қоғам мүддесіне сай лайықты жан –жақты жетілген ертеңгі қоғам иегері боларлық азамат тәрбиелеп өсіру отбасының, балабақшаның, мектептің, барша жұртшылықтың міндеті болып отыр.

**КУЛБИБИ БОРИБЕКОВА,**

№1 Әуезов атындағы жалпы орта мектебінің информатика,
физика, математика пәндер бірлестік жетекшісі
Шардара қаласы

ӘЛЕМ МАТЕМАТИКА ТІЛІМЕН БЕЙНЕЛЕНГЕН

XXI ғасыр – ғылым мен техниканың, білім мен тәжірибенің ұштаса кемелденген ғасыры. Жаңа ғасырдағы ұстаз шәкіртке сапалы білім, саналы тәрбие беруші ғана емес, ғылым мен техниканың тілін жетік меңгерген, білікті де білгір маман болуы міндетті. Бүгінгі ұстаз – инновациялық технологияларды пайдаланушы, әрі ізденуші, әрі өндіруші, әрі ғалым-зерттеуші. Қазіргі қоғам алдында тұрған өзекті мәселе бұл жан-жақты дамыған, көпмәдениетті, шығармашыл, әлеуметтік бейімделген тұлға қалыптастыру. Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев: «Ғасырлар мақсаты – саяси-экономикалық және рухани дағдарыстарды жеңіп шыға алатын, ізгіленген XXI ғасырды құрушы іскер, өмірге икемделген, жан-жақты жеке тұлғаны тәрбиелеп қалыптастыру», – деген тұжырым жасады. Ол үшін бүгінгі оқу үрдісіне сай педагогикалық шеберлік қажет. Педагогтік шеберлік – дарынды талант емес, үйрену, ізденудің нәтижесі. Білім беру жүйесінің негізгі бөлшегі – оқушы, оқушылар тобы, сынып, мектеп болса білім беру саласы баспалдақтардың әрбір буынына байланысты біз білім беру сапасын жақсартудың жолдарын анықтауға тырысамыз. Оқушыларға математикалық жүйелі, білім беру, олардың өздерінің алған білімдерін өмірде қолдана білуге және арнайы дамытуға тәрбиелейтін мұғалім. Адам баласы білім мен ғылымға қол созған кезден бастап дүниеге келген математика, физика пәндерінің қоғам өміріндегі алатын орны ерекше. Мектебімізде осы математика, физика, информатика пәндері бірлестігінде 24 мұғалім аянбай еңбек етуде. Оның ішіндегі 6 – педагог – зерттеуші, 6-педагог сарапшы, 6-педагог модератор категориялы мамандар. Бірлестік жетекшісі Борибекова Күлбиби.

"**Ұстазды** алтын діңгекке теңер едім", – деп ұлы педагог Ы. Алтынсарин айтқандай, **ұстаз** жолы – қиыншылығы мен рахаты бір басқа жетерлік мамандық атаулының ұлысы. Білім беру кеңістігінде тәжірибелі де білімді, өз мамандығының хас шебері кәсіби **ұстаздар** жетерлік. ... Ол – **ұлағатты ұстаз**. Себебі ғибратты ғұмырының қымбат шақтарын болашақ буындарды оқыту мен тәрбиелеу ісіне арнап келеді. Осындай ұстаздарымыз математика пәні мұғалімдері Махимова Мейрамкуль Мусиркеновна, Борибекова Кулбиби Асилхановна, Сахова Болсинай Орынбасаровна, Кунанбаева Урдаш Досановна, Асанова Базаркул Усеиновна физика пәні мұғалімі Жунусова Хатира Абдрахмановна

К. Борибекова 2017 жылы Ы. Алтынсарин белгісімен марапатталды. 2019-2020 оқу жылы 11 сынып оқушысы Н. Кузжанов аудандық математика пән олимпиадасында 1-орынды иеленіп, облыстық олимпиададан номинациямен оралды.

Б. Сахова «Үздік педагог» төсбелгісімен марапатталды.

Осы тәжірибелі мұғалімдердің ізін басып келе жатқан мамандарымыз математика пәні мұғалімдері Бердибаева Хадиша Сергазиевна, Кулшаева Нургуль Абдикадириновна, Танабаева Сабира Абиловна, Абдулғаппарова Алмаш Кайридиновна, Сангирбаева Айгуль Танирбергеновна, Фазылова Аяғоз Бакытжановна болса, Қаблан Жұмагүл Серікбайқызы, Мадина Оразбаева Есенгелдіқызы және Сариева Айдана Файзуллаевна сынды жас ұстаздарымыз да талмай еңбек етуде.

1018-2019 оқу жылы Н. Кулшаеваның оқушысы Д. Дилдахан аудандық математика пән олимпиадасында II орынды иеленді.

Жас мамандарымыз Ж. Қаблан, А. Сариева педагогикалық дебют жас маман байқауына қатысып өз бақтарын сынады.

Физика пәнінен Ералиев Ерлан Амангельдиевич және жас мамандар Ибрагимова Гүлзат, Срайл Ернат Жаңабайұлы білім беруде.

Күні кеше өткен оқушылар пән олимпиадасында Е. Ералиевтің оқушысы Оспан Балнұр аудандық кезеңнен II орынға ие болды.

Бірлестікте информатика пәнінен Абдраханов Нұрболат Бейсенбаевич, Жастаев Дүйсенхан Елеусинович, Байболаева Мейрамкуль Жаксыбаевна, Жұбатханова Жарқынай Садуахасовна, Смаилова Гүлжазира Ниятуллаевна, Жусипова Гульзира Оразбековна, Есимханова Молдир Мынбасиевна ұстаздық етуде. Атап өтер болсақ 2018-2019 оқу жылы Н. Абдрахановтың оқушысы А. Есіркеп аудандық пән олимпиададан I орын иеленіп, облыстық кезеңге қатысып қайтқан болса, 2020-2021 оқу жылы Г. Смайлованың 10 сынып оқушысы М. Ташен оқушылар пән олимпиадасында аудандық кезеңнен I орын иеленіп, облыстық кезеңнен жүлделі II орынды иеленді.

Ұстаз болу, шәкірт тәрбиелеу – кез келген адамға бұйыра бермейтін бақ. Жан жылуын, бар білімін оқушының бойына сіңіріп, әр оқушысының үлкен өмірге оқып-тоқыған азамат болып аттануына зор үлес қосатын мейірбан жүректі ұстаздарымыз аман болсын.





ҚАРЛЫҒАШ СЫЗДЫКОВА,

№1М. Әуезов атындағы жалпы орта мектебі
директордың бейіндік ісі жөніндегі орынбасары
Шардара қаласы, Түркістан облысы

ОҚУШЫ БЕЙІМДІЛІГІН ТАНИ БІЛУ – БОЛАШАҚҚА ЖОЛ СІЛТЕУ

Бүгінгі таңда жас ұрпаққа тәлім-тәрбие мен білім беру маңызды рөл атқарады. Өскелең ұрпақты әлеуметтік мәдениетке сәйкес, жан-жақты дамыған, ұлттық бәсекеге қабілетті тұлға ретінде қалыптастыру қоғам алдындағы ең басты мәселелердің бірі. Қазақстан Республикасының білім беруді дамытудың мемлекеттік бағдарламасының басты мақсаты 12 жылдық орта білім беру жүйесіне көшу. Бұл қоғамдағы түрлі бағыттардағы өзгерістерге сәйкес білім берудің қызметіне жаңаша қарау, әлемдік жинақталған тәжірибеге және табыстарға сыни тұрғыда талдау мен бағалау, сонымен қатар ең маңыздысы ұлттық ерекшеліктерді ескере отырып оқыту мен тәрбиелеудің тиімді жолдарын қолдану.

12 жылдық білім беру ерекшелігі - білім беру жүйесін өзгеруі: білім, білік, дағдыға негізделген білім беру мазмұнынан – **құзыреттілікке** негізделген білім беру мазмұнына ауысуы, оқушы тұлғасын әлеуметтендіру, білім сапасын арттыру, отандық құжаттарымызды шетел мемлекеттерінің талаптарына сәйкестендіру. Сонымен қатар 12 жылдық білім беру мектептің жоғары сатысындағы оқушыларды әлеуметтендіруді көздейтін профильдік оқытуды жүзеге асыруға, мектептің кәсіби білім беру ұйымдарымен ынтымақтастықты шыңдауға арналған. Отандық жалпы орта білім беретін мектептерді жаңартудың жетекші бағыттарының бірі – мектепті жоғары сатысында бағдарлы оқытуды енгізу болып табылады.

Бағдарлы оқытудың негізгі мақсаты оқушылардың өзіндік білім алу бағдарламаларын құруды және оның жүзеге асырылуын, оқушының отбасында, жергілікті және аймақтық ортада

әлеуметтенуін, оқушылардың орта және жоғары кәсіптік оқу орындарына дайындау үшін орта жалпы білім беру бағдарламаларындағы жеке пәндерді тереңдетіп оқытуды қамтамасыз ету болып табылады. Аталған мақсаттарға жету үшін: мектептің жоғарғы сатысында бағдарлы оқытуды жаппай енгізу жағдайындағы оқыту процесінің құрамын, мазмұны мен ұйымдастырылуын өзгертуді қамтамасыз ететін бағдарлы оқыту қызметінің нормативтік – құқықтық базасын жетілдіру;

оқу жоспарларының мектептік компонентін қамтамасыз ету үшін білім беру жүйесінде байқаудан өткізілген қолданбалы курстар мен таңдау курстарының мәліметтер қоры ретіндегі тізбесін жинақтау;

бағдарлы оқыту бағдарламаларын ресурстық тұрғыда қамтамасыз ету;

9 сынып оқушыларына бағдарлы оқыту бағдарламаларын дұрыс таңдауға мүмкіндік беретін бағдаралды дайындықты жүргізу; тұлғалық бағыт бағдарын психодиагностикалау және ағарту жұмыстарын жүргізу, дамыту қажет.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында: «Білім беру жүйесінің басты міндеті – ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға, дамытуға және кәсіби шыңдауға бағытталған білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау, еңбек нарығында бәсекелесуге қабілетті білікті жұмысшылар мен мамандар даярлау, олардың біліктілігін арттыру» деп көрсетілген. Осыған байланысты қазіргі уақытта жоғары дәрежелі кәсіби мамандар дайындау бүгінгі күннің ең маңызды, ең қажетті мәселесі болып отыр.

Жоғары дәрежелі кәсіби маман даярлау қай кезеңнен басталады? Ең алдымен қоғамға қызмет ететін, өзіндік орны бар маман болу үшін оқушы – мамандықты дұрыс тандай білуі қажет.

Республикамызда мектептің жоғары сатысында бағдарлы оқыту енгізілген болатын. Бағдарлы оқытудың негізгі міндеті – оқушылардың сапалы кәсіби таңдау жасауларына ықпал ету. Бағдарлы оқытудың маңызды құраушысы негізгі мектептің 9 - сыныбында ұйымдастырылатын бағдаралды дайындық болып табылады. Ол келесі бөліктерден тұрады:

1. Кәсіби ағарту, оған жататындар: кәсіби ақпарат, кәсіби үгіт, кәсіби насихат;
2. Кәсіби диагностика, тұлғаның белгілі бір мамандыққа деген қызығушылықтары мен қабілеттерін айқындауға бағытталған;
3. Кәсіби кеңес беру, мақсаты – кәсіби кеңес беруші маман тарапынан мамандық таңдауда жеке – дара көмек көрсету;
4. Кәсіби таңдау, мақсаты – белгілі бір мамандықты жоғары ықтималдықпен табысты меңгеріп, онымен байланысты еңбек қызметін орындайтын тұлғаларды айқындау;

Оқушыларға кәсіби бағдар беруде мектеп психологы мен мектеп директорының кәсіби бағдар беру жөніндегі орынбасарының орны ерекше. Қазіргі заманда жастардың өзін-өзі таба алмай, өз мүмкіндіктерін дұрыс пайдалана алмай, өзін-өзі тұншықтырып жүргендердің, басқа жолға түсіп адасушылықтың негізгі себебі, ең алдымен, өзінің қабілеті мен бейімін анықтай білмегендігінде және өзінің кәсіби дамуын жобалай алмағандығында, бейіналды дайындықтың жүргізілмегенінде. Мектепте психолог пен кәсіби бағдар беру жөніндегі орынбасар біріге жұмыс жасаса оқушы өзін-өзі таниды, өзінің мүмкіншілігін, бейімділігін байқайды, мамандықты адаспай тандайды.

Бейіналды даярлық жұмыстары кезінде психолог кәсіби диагностика жасауы тиіс:

1 саты- дұрыс таңдау жасау үшін оқушы қабілеті, қызығушылығы мен бейіні, мінезі мен темпераменті туралы нақты білу керек. Бұл сатыда оқушы жайлы оқушының өз пікірі, ана-анасының пікірі, мұғалімдердің пікірі,

сыныптастарының пікірі, психологиялық зерттеулер (темперамент типін анықтау, мотивация диагностикасы, жеке тұлғаны анықтау әдістері, табандылықты зерттеу т. б.) сауалнамалар алынады. Бұл сатыда оқушыны жан-жақты танимыз.

2 саты- оқушыны қызықтыратын мамандықты анықтау. Ол үшін «Тұлғаның типтерін анықтау» тестісі, «Мамандық туралы хабарың» сауалнамасы, «Мен және менің өмірлік жоспарым» сауалнамасы, «Қызығушылықтар картасы», «Кәсіби қызметтегі басым ынтаны зерттеу» сұрақнамасы алынып, қорытындысы бойынша оқушының белгілі бір мамандыққа бейімділігі анықталады. Сондай-ақ мектеп оқушыларынан «Менің мамандығым- менің болашағым» тақырыбындағы шығарма жұмысын алып отыру да оқушының қай мамандыққа бейім екенін анықтауға көмектеседі.

Келесі кезекте мектеп директорының кәсіби бағдар беру жөніндегі орынбасары

9-11-сынып оқушыларынан оқушыларға кәсіби ақпарат, кәсіби үгіт, кәсіби кеңес беру мақсатында түрлі іс- шаралар ұйымдастырады. Мысалы: «Мен таңдаған мамандық» тақырыбында пікір алысу, «Мамандығым- болашағым», «Мамандықтар әлемін ашамыз» тақырыбында дөңгелек үстел, форум ұйымдастыру, «Бүгінгі мектеп түлегі- ертеңгі елдің тірегі» тақырыбында студенттермен кездесу кеші, «Мамандығым - мақтанышым» тақырыбында түрлі мамандық иелерімен кездесу кеші т. б. іс-шараларда оқушыларға мамандықтар әлемі жайлы толық мағлұматтар беріледі. Жекелей кеңес беру мақсатында «Ашық есік күндерін» өткізу де оқушы мамандықты дұрыс таңдауы үшін маңызды шара.

Мамандық таңдау тұлғаның белгілі бір мамандыққа бағыттылығын ғана емес, сонымен бірге тұлғаның қоғамда белгілі бір орын алу және таңдаған мамандық арқылы оған жету жолдарына байланысты болады. Өз мамандығын тандай алмағанның талабы көміледі, ондай адам өмірге де риза болмайды. Сондықтан, оқушы бейімділігін нақты танып, дұрыс жөн сілтей білу – жарқын болашаққа жол сілтегеніміз.



**ЛАЗЗАТ БИБЕК,**

Адами әлеуетті дамыту бөлімі №1 М. Әуезов атындағы
жалпы орта мектептің қосымша білім беру педагогы
Түркістан облысы, Шардара қаласы

ҮЙІРМЕНІҢ ҮЙРЕТЕРІ КӨП

Биылғы 2020-2021 оқу жылында мектебімізде ақылы үйірме 34 және ақысыз 9 үйірмелер жұмыс жасауда. Атап шығатын болсақ: қазақ тілі мен әдебиет, биология, технология, география пәндерінен ақылы, спорт секциялары ақысыз болып ұйымдастырылған. Үйірме жұмысы арқылы оқушылардың пәнге деген қызығушылықтарын арттыру. Жалпы білім беретін мектептердегі оқу – тәрбие процесінің маңызды құрамдас бөлігінің бірі – сыныптан тыс жұмыстары оның мақсаты оқушылардың шығармашылық қабілеті мен дербестіктерін жан – жақты дамыту бос уақыттарын ұтымды ұйымдастыруға, мұғалімдердің шығармашылық қызметін шыңдауға жол ашады. Мектептегі оқу үлгерім сапасы оқушылардың пәнге қалай қызыққанына тікелей байланысты. Оқушылардың дәстүрлі халықтық көркемөнерге тартуда үйірме маңызды рөл атқарады. Мектепте балаларды

халықтық өнерге баулуда, көркемдік шеберліктің тәсілдеріне үйретуде көптеген үйірмелер үлкен еңбек етуде. Үйірмелерде оқушылар өз шеберліктерін іс жүзінде қолдана алады. Асқан шеберлер көркем қолөнеріне басқаша шығармашылық көзбен қарап әдемі және пайдалы заттарды жасай алады. Мектептегі пәндерден бөлек үйірме сабақтарының да оқушыларға берері мол. «Үйірме» деген сөздің өзі оқушылардың өздігінен орындайтын іс-әрекеті екені мәлім. Мектебімізде де сабақтан тыс уақытта үйірме сабақтары жүргізілуде. Үйірме сабақтарының мақсаты: оқушылардың білімін тереңдету, қабілетін дамыту, шығармашылық қызығушылықтары мен бейімділіктерін қанағаттандыру, қоғамдық пайдалы еңбекке араластыру. Әлемді бағындырған чемпиондарымыз мектебіміздің мақтанышы



Елубай Жұбатқан Жомартұлы
«Қол күрес» Азия чемпионы
11 «ә» сыныбының оқушысы



Айтбек Бекет Жарқынбекұлы
«Қол күрес» Әлем чемпионы
11 «а» сынып оқушысы



Ерімбетова Аружан Нұржанқызы
«Гір» көтеруден Республикалық турнирдің
жеңімпазы
6«а» сыныбының оқушысы



Байдуллаев Бағжан
«Гір» көтеруден Олыс чемпионы
10 «б» сыныбының оқушысы

Облыстан «Бояулар құпиясы» сурет байқауында
жүлделі ІІІ-орынмен Мамбет Лаура марапатталды
жетекшісі: Жантүреев Қайрат ағайымыз осы

еңбек жолында 38 жыл қызмет етіп келеді.
«Сырлы қалам» үйірмесіне оқушылардың
қабілеттеріне қарай жинақтайды.



«Өнер таусылмас қазына» үйірмесінің жетекшісі Юсупова Қарлығаш



«XXI-ғасыр техниктері» байқауында жүлделі II-орынды
8 «ә» сынып оқушысы Зұлпыхар Дана иемденді. Жетекшісі Әбілдаев Ербол

Мектебіміздің Мәнерлеп оқу үйірмесінің оқушылары «Фарица, Фаризажан, Фариза қыз» атты Республикалық «Арнау» жазу байқауынан 7» «а» сынып оқушысы Ерғали

Мерейгүл бас жүлдені қанжығасына байлап, ал ақын шығармашылығын мәнерлеп оқудан 6 «а» сынып оқушысы Бурхан Айтжан 1 орын иегері атанып, мектебіміздің мерейін асқақтатты.



Әсіресе бисермен жұмыс жасауға оқушыларды қатты қызықтырады. Ол жасаған жұмыстары арқылы өз жетістіктерімен көзге түскендер жетерлік.

Жұмыстар ай сайын өтетін сайыстарға ұсынылып көрмелерге қойылады. «Табиғат туған анамыз» атты тақырыптық конкурс бәйге байқауында кесте өнері бойынша 8^е Жасұзақ Балжан қатысып II орынға ие болып марапатталды және бисермен жасау арқылы түрлі картиналарға «Табиғатты бейнелеу» тақырыбына орай байқауға белсене қатысқаны үшін 5^е сынып



оқушылары Әлімхан Дидар III орынмен Налибай Қалбибі II орынмен марапатталды.

Бұл жас таланттың әрі қарай қанат жаюына жол ашады. Сонымен бірге аудандық көрмелер ұйымдастырылып зор нәтижелерге жетудеміз. Атап айтсақ «Жастар Тәуелсіздігіміздің тірегі» атты аудандық фестивальда жаңа жұмыстар жасалып көзге түсті. Және III Республикалық «Аналар – асыл жандар» атты өнер байқауында көрме ұйымдастырылып, сүйіспеншілігін оятып, өнерге деген қызығушылығы арта түскендей.

«Үздік үйірме – 2019» байқауы



2018-2019 оқу жылында «Табиғат туған анамыз» атты аудандық
қолөнер сайысынан I орынмен Асан Палғұл марапатталды.
Жетекшісі Бабамуратова Айжан



Қорыта айтқанда жалпы үйірме жұмыстары - жаңа уақыт талаптарына жауап бере алатын, кәсіби білікті, бәсекеге барынша қабілетті мамандарды даярлап, олардың бойында қазақстандық патриотизмді, төзімділікті, жоғары адамгершілік қасиеттерді тәрбиелеп, үйлесімді дамыған жауапты тұлғаны қалыптастыру және ғылымға деген құштарлықтарын оята білу.

Қазіргі уақытта білім беру қызметкерлерінің алдында тұрған басты мақсат-еліміздегі білім беруді халықаралық деңгейге

көтеру және білім сапасын көтеру, жеке тұлғаны қалыптастыру, қоғам қажеттілігін өтеу, оны әлемдік білім кеңістігіне кіріктіру. Елбасымыз Н. Ә. Назарбаев: «Келер ұрпақ алдында зор жауапкершілік тұр, оны арқалап жүрген – ұстаздар. Себебі еліміздің болашағы көркейіп, өркениетті елдер қатарына қосылу бүгінгі ұрпақ бейнесімен өлшенеді. » -деп айтқандай, жалпы ұстаздар қауымы келер ұрпақтың кемелденіп өсуі үшін аянып, қалмай еңбек етуде.



ЛАЗЗАТ БИЛАЛОВА,
Шардара ауданы №1 М. Әуезов жалпы орта
мектебінің бастауыш сынып мұғалімі
Түркістан облысы

ЖАҚСЫ МҰҒАЛІМ — МЕКТЕПТІҢ ЖҮРЕГІ

Жақсы мұғалім — мектептің жүрегі
Ы. Алтынсарин

Ұстаз болу — жүректің батылдығы,
Ұстаз болу — сезімнің ақындығы.
Ұстаз болу — мінездің күн шуағы,
Азбайтұғын адамның ақылдығы, — деп акын Ғ.
Қайырбеков жырлағандай ұлағатты ұстаз болу
менің бала күнімнен аңсаған арманым болды.

Мектеп қабырғасында жүрген кездің
өзінде-ақ, өзімнің ұстаздарымдай болуды
армандадым. Сол ұстаздарыма еліктедім. Сабақ
үстінде мұғалімнің әрбір іс-қимылына зер сала
қарадым. Үй тапсырмасын орындап болған соң,
көз алдыма сыныбымды елестететінмін. Өзімді
мұғалімнің орнына қойып, үй тапсырмасын
түсіндіріп, ойымды жинаушы едім.

Менің осындай қасиетімді байқаған
ұстаздарым менен көп үміт күтті. «Ата-ананың
қадірін балалы болғанда білесің» дегендей, оның
сырын кейін өзім ұстаздық қызметте жүргенде
білдім. Әр баланың қабілетіне жеке үңіліп,
білімнің биік шыңына сүйреген ұстаздарыма
менің айтар алғысым шексіз. Олардың жарқын
бейнелері әлі көз алдымда.

«Ұстаз» осы бір сөздің өзінде қаншама
мән, қасиетті ұғым жатыр. «Жақсы мұғалім —
мектептің жүрегі» — деген ұлы ағартушы Ы.
Алтынсарин. Ұстаз алдынан өтпейтін ешкім жоқ.
Жүрексіз өмір болмас, ал мұғалімсіз білімнің,
тәрбиенің іске аспайтыны белгілі. Небір
данышпан адамдар, қарапайым еңбеккер, арман
қуған жас жеткіншекте бәрі бір адамға қарыздар.
Ол — ұстаз! Ұстазсыз өмірдің нақты тұтқасын
ұстау мүмкін емес. Адамды тәрбиелеп оны азамат
атандырудың өзі үлкен күш. Сондықтан ұстаздың
еңбегі — ұлы еңбек.

Біздің заман — білім мен ғылымның
заманы. Ертеңі үшін алаңдайтын, болашағына
үмітпен қарайтын ел болғандықтан Елбасымыз
шәкірт біліміне ерекше көңіл бөліп, өзі
басшылыққа алып қадағалап отыр. Еліміздің
келешегін тәрбиелеп отырған мұғалімнің бірі
болғандықтан алдымдағы үлкен жауапкершілікті
терең сезінемін. Ертеңгі күннің бүгінен де нұрлы
болуына ықпал етіп шәкіртімнің саналы, білімді,
тәрбиелі болуына бар күш жігерімді арнадым.

Өзім бастауыш сынып мұғалімі
болғандықтан бастауыш сынып оқушыларына
мінез-құлық, тәртіп, адамдардың еңбегі, Отаны,
туған елі, жері, адалдық, шыншылдық жайында
айтып отыруды ең бірінші борышым деп білемін.

«Адамға ең бірінші білім емес, тәрбие
берілуі керек, тәрбиесіз берілген білім адамзаттың
қас жауы, келешекте оның барлық өміріне опат
әкеледі», — деп Әл-Фараби бабамыз айтқан
қағиданы негізге алған ата-бабаларымыз бала
тәрбиесіне аса мән берген. Ия, ұлы жазушы
Мұхтар Әуезовте «Ұлт болам десең — бесігіңді
түзе» деген ғой. Бесік киелі ұғым. Осы бесік
арқылы ұлы жазушы тәрбиенің тәлімді болуын
мензейді. Бізге жүктелген қарыз бен парыз
ұрпақты өрелі етіп тәрбиелеу, білім беру.

Осы жылдар ішінде тәрбие үрдісінің өте
маңызды әрі қиын екеніне көзім жетті. Сондықтан
мен осы бағытта көп ізденіп, көп оқуды тәрбие
саласын зертеуді өзіме мақсат еттім. Осындай
мақсатқа бағытталған жұмыстарым еңбек
сүйгіштікке, көп дүниені өз қолымен жасай алуға,
жасаған дүниеге қуана білуге, өз еңбегімнің
тынбай іздеуімнің нәтижесі деп білемін.

Бастауыш сынып мұғалімі сынып оқушылары үшін ерекше, ешкімге ұқсамайтын, үлгі тұтар тұлға екені белгілі.

Әр оқушыға айтар сөзің, іс-әрекетің, қимылың тым жақын, әрі аса ыстық. Менің әр сөзімнен қанат алып маған сене, қызыға қараған шәкіртерімнің ыстық ықыласына бөленіп, олар үшін сүйікті ұстаз болып жүргеніме, бала күнімнен армандаған мамандығымды игергенім үшін өзіме риза боламын. Одан өзіме рахат аламын. Сыныптағы оқушыларымның жан-жақты дамыған, «сегіз қырлы, бір сырлы» азамат болып қалыптасуына, еліміздің белді азаматы болып өсуіне өз үлесімді қосу мен үшін ең бірінші бақыт.

Олармен бірге қуанып, бірге ренжіп, әрқайсысын өз баламдай көремін. Олардың өмірі, болашағы үшін алаңдаймын. Мен өзім өткізетін әрбір сабақты, әрбір сынып сағатын, тәрбиелік іс-шараларды жан-жақты дайындықпен өткіземін. Оларды шәкіртерімнің ойынан шығатындай, кем дегенде бір жақсы қасиет бойларына дарытатындай болуын басты назарға аламын.

М. Жұмабаев айтқандай «Тәрбие деген баланы бетке қақпай, бетімен жіберу емес, яки отырса басқа, тұрса аяққа ұрып, көр бала қылып өсіру де емес. Баланы тәрбиелеу — тұрмыс майданында ақылмен, әдіспен күресе білу». Шәкіртерімнің жүрегінің пәктігін сезіну, оларды да тыңдай білу, ой- пікірімен санаса отырып, шектен шығармай еркін тәрбиелеп өсіру өзімнің адами қағидам деп сезінемін.

Біздің ғасырымыздан бірнеше ғасыр бұрын өмір сүрген ғұлама данышпан Жүсіп

Баласағұнның мына өлең жолдары жадымнан ешқашан шыққан емес.

«Ұл-қызыңа үйрет білген білімді
Қолыңа ұстат кеудеңдегі күніңді
Сонда ұл-қызың адамдықтан таймайды
Көңілі — таза, көзі шоқтай жайнайды».

Қай заманда болмасын адамзат алдында тұратын ұлы мұрат-міндеттердің ең бастысы — өзінің ісін, өмірін жалғастыратын білімді, сауатты, салауатты ұрпақ тәрбиелеу болғаны сөзсіз.

Бүгінде мемлекет қолдан келген мүмкіндіктің барлығын да жасап келеді. Бұл солай болуы да тиіс. Себебі ұрпақ білімі үшін жұмсалар қаржы мен қайрат - ең қайтарымы мол, қайырымы кең игі шара екені белгілі. Бұл болашақ үшін салынған ең маңызды да мағыналы инвестиция. Өйткені, мемлекетіміздің келешек экономикалық, әлеуметтік, рухани даму нәтижелері, өрлеуі мен өркендеуі бүгінгі мектептерде қалыптасып жатыр. Бұл жерде ең алдымен оқытушы бейнесі, ұстаз болмысы - үйретуші ғана емес, тұла бойы тәлімді тәрбиеге, өрелі өнегеге толы тағлымды жан. Ол болашақ қоғамның бет-бейнесін қалыптастырар бірден-бір тұлға. Ұрпағымыздың ертең қандай адам болуы - мұғалімдердің бүгінгі арқалар жүгі болмақ. Баланы тек білімділікке, жақсылыққа, қайырымдылыққа, мейірімділікке, Отансүйгіштікке тәрбиелеу менің басты мақсатым. Бала тәрбиесі сынды биік жауапты міндетке бар күш-жігерімді, білімімді, тәржірибемді жұмсап келемін және жұмсай беремінде.



ЛАЗЗАТ ҚАЛДАРБЕКОВА,
№1. М. Әуезов ат. жом кітапхана меңгерушісі

АЙГУЛ СЕЙДУЛЛАЕВА,
№1. М. Әуезов ат. жом кітапханашы

МЕКТЕП КІТАПХАНАСЫ – МЕКТЕП ҚҰРАЛЫ ЕМЕС, БІЛІМНІҢ БҰЛАҒЫ

*Тек кітап қана алға жылжуды,
адамдық шыңына шығуды үйретеді.*
Н. Ә. Назарбаев

Мектеп кітапханасы кәзіргі кезде 58952 кітап қоры бар. Оның ішінде оқулық саны-47815, әдістемелік кітаптар 1218, әдеби кітаптар 8791, жаңа буын оқулықтар - 7820, қордың өсуі - 11933, электронды оқулықтар 311, оқырмандар саны – 1620, кітапханаға оқырмандар бару саны -14850, кітап беру саны - 23100.

Мектеп кітапханасында кітапхана қызметкерлер саны – 2, атап айтқанда 1- кітапхана меңгерушісі, 1- кітапханашы. Қазіргі таңда бөлім меңгерушісі болып Қалдарбекова Лаззат Қалдарбекқызы қызмет атқарудамын білімім жоғары, еңбек өтілімі 14 жыл кәсіби шеберлік бойынша сертификаты алғамын, облыстық, аудандық семинарларға қатысып, жақсы жетістіктерге қол жеткізіп, облыстық, аудандық диплом, мақтау қағазы, алғыс хаттармен марапаталдым. Кітапханашы болып Сейдуллаева Айгүл атқарады білімі жоғары, еңбек өтілі 2 жыл. Бүгінде балаларға арналған көркем әдебиеттер мен мектеп кітапханасының қоры толықтырылды. Мектеп партасында отырған жасөспірімдер мен бүлдіршіндерді байыту-кітапхананың төл ісі. Міне, сондықтан да жас ұрпаққа кішкентай кезінен бастап рухани әлеміне ықпалын, құдіретті күшін жеткізуде сынып жетекшілерімен, тәрбиеші, ата-ана, пән мұғалімдерімен бірлесіп өткізілетін көпшілік жұмыстардың орны ерекше. Әрбір жұмыс түрін оқушы асыға күтетіндей дәрежеге жеткізу кітапханашының кәсіптік шеберлігіне байланысты, бұл бағытта біраз жұмыстар атқарылып келеді. Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру жобасы аясында кітапханада оқырмандардың қатысуымен Елбасы Н. Ә. Назарбаевтың халыққа жолдауын насихаттау бағытында «Елбасының жолдауы-болашақтың жолдары» атты бұрыш жасақталып, 1 желтоқсан – Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президент күніне «Әлем таныған Елбасы» кітап көрмесі, «Елін сүйген елі сүйген – Елбасы» ерлік сабақ, «Ұлты ұлықтаған Ұлы тұлға» саяхат сабағы, «Таң нұрында туған ұл» оқырмандар библиоглобусы атты іс – шаралар, «Кітап – ақылшы досың» кеш өткізілді. «Болашаққа кітаппен» атты оқырмандар

байқауы, «Жақсы кітап – жан азығы» атты үздік оқырмандар байқауы, «Көркем әдебиеттерді оқи білеміз бе?» атты пікірталас, Кітап-білім бұлағы атты ертеңгілік, Bookcrossing кітап алмасу акциясы, Жерлес жыршы- термеші ақындарымыз Ә. Айдаров, Қ. Дауылбаев шығармаларына арналған «Кітапханадағы бір күн» атты кеш, «Лидер Raeder ON» кешендік тоқсандық іс-шаралар өткізілді. Елбасымыздың «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру» бағдарламасы бойынша «Кітап – білім бұлағы» кіші жобасын жүзеге асыру мақсатында «Бір ел – бір кітап» республикалық акция аясында түрлі іс-шаралар өткізілуде. Мемлекет басшысы Қ. К. Тоқаевтың Ұлтық қоғамдық сенім кеңесінің төртінші отырысында берген тапсырмасын орындау мақсатында «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында мектеп кітапханасында «Кітапханаға кітап сыйла!» атты акциясы ұйымдастырылды. Атап айтқанда, атаулы күндерге, өзекті мәселелерге байланысты арнайы тақырыптар бойынша кітап көрмелері ұйымдастырылып тұрады. Білімгер оқырмандардың әр минуты санаулы, уақытты тығыз, сондықтан кітап көрмелерінен өздеріне керекті деректерді нақты түрде ала алады. Әр саладағы кітап көрмелері арқылы оқырмандардың білімін, ой-өрісін байытуға, рухын көтеріп, қиялына канат бітіретін әдебиеттермен таныстырып отырамыз. Атап айтқанда тұрақты 5 кітап көрмелері, Тәуелсіздік ел – тірегі білімді ұрпақ, Тарихтан тағылым, М. Әуезов тағлымы, Тіл халық тарихы, Ертегілер еліне саяхат. Ал мерзімді басылымдарға шыққан материалдар жинақталған папкалар бойынша таныстырылады. Кітапхананың көрсететін қызметіне жалпы оқу үрдісімен ғылыми-зерттеу жұмысының, білімді оқушылар сапасы, тіпті қоғамның барлық саласында қол жеткен табыстардың алғы шарты ақпаратқа байланысты. Қай саланың болмасын шығарған өнімін мектеп профиліне, оқырмандар мен қанағаттандырып, насихаттау басты мақсатымыз мектепте соңғы технологиямен жабдықталған интерактивті тақталар бар. Қазақстан мекенім туған жерім, Абайдың қара

сөздерінен өткізілген т. б шараларды осы тақтада пайдаланылады. Бізде құнды ақпарат ресурстары мол. Анықтамалар, сөздіктер, энциклопедиялар, баспасөз басылымдары, электрондық оқулықтар бар.

Қазақстан – тәуелсіз мемлекет. Тәуелсіз елді өркениетті әлемге танытатын, дамыған елдер қатарына терезесін тең ететін күш – білім мен білімді ұрпақ. Білімді ұрпақ – егеменді елдің берік тірегі. Білімді болу үшін рухани жан дүниеніз бай, оған қоса адамгершілік, ар-ұят, кішіпейілділік, ізгілік, қайырымдылық қасиеттер

болуы керек. Осындай ізгі қасиеттерді, рухани байлықты, сөз өнерін біз оқырмандарға кітап арқылы насихаттаймыз.

Білесің бе кітап білім ұясын,

Келесің мұнда өмірге азық жиясың.

Оқып-біліп, зерттеп көріп санаңа,

Терең білім, ой маржанын құясың, – дейді ойшылдар. Өйткені:

Кітап – білім бұлағы,

Кітапхана – сол кітаптар тұрағы.

Көп үйреніп, көп оқыған баланың,

Анық тағы білімпаз боп шығары.





Менің сүйікті кейіпкерім аудандық байқау 1 орын



Отбасылық кітап оқу байқау аудандық бас жүлде



Үздік оқырман байқауы аудандық 2 орын



Кітапханадағы бір күн ақындар мен кездесу кеші

**ЛӘЗЗАТ БОРАМБАЕВА,**

№1 М. Әуезов атындағы жалпы орта мектебінің кәсіподақ ұйымының төрайымы
Түркістан облысы, Шардара қаласы

БІЛІМ МЕН ЕҢБЕК ЕГІЗ ҰҒЫМ

Еліміз білім беру ісінің ұлттық үлгісін жетілдіріп, жалпы адам құндылығына қарай мұғалімдердің біліктілік жүйесін жаңартып жетілдіре түсуде. Бүгінгі күннің талабы әр мұғалімнен шығармашылық ізденістер және білім саласының құзырлы тұлғасының білігі мен шығармашылық қабілетінің үйлесімділігін талап етуде. Осыған орай ұстаздар жас жеткіншектердің сапалы білім алуына, саналы, еліміздің нағыз патриоты, гуманист, шыншыл адал, еңбек сүйгіш ұлтжанды азаматы болып қалыптасуына зор еңбек сіңіруде. Қазақстан Республикасының “Білім заңында” педагог қызметкерлердің құқықтары мен міндеттері, оларды мемлекет тарапынан әлеуметтік қолдау мәселелері жан-жақты қаралған.

Мұғалімдерге қосымша ақы төлеу тәртібі оларды әлеуметтік тұрғыдан қамтамасыз етудің түрлері мен жолдары заң талаптары мен белгіленген. Оларды ынталандыру және қолдауды дамыту үшін құрылатын қор мәселері де заңдық мәртебеге ие болған. Қабылданған заң жобалары мұғалімнің қоғамдағы беделін көтеріп, өз кезегінде ол мектептегі білім беру сапасының көтерілуіне тәрбиенің жақсаруына қол жеткізеді. Мектеп ұжымы 2018-2020 ж оқу жылына арналған мекеме басшысымен кәсіподақ арасындағы өзара келісіммен, жауапкершілігін арттыруға мекеменің нәтижелі жұмысын ұйымдастыруға қызметкерлердің әлеуметтік экономикалық құқығын заңды мүддесін қорғауға бағытталған ұжымдық келісім шарт бойынша жұмыс істеп келеді. Оқу жылы бойында кәсіподақ комитет мүшелері, әлеуметтік серіктестік комиссиясы

еңбек дауын келістіру комиссиясы әр бөлімнің дұрыс, еңбек кодексінің баптарына сай орындалып отыруын қадағалап отырады. Оның ішінде жұмыс уақытында белгіленген сағаттар өткізіліп отыр. 2018-2020 ж аралығында ұжым мүшелері арасынан «Сарыағаш шипажайына, Жаңақорған шипажайына, Төлеген жылы су шипажайларына» мұғалімдер жолдама алып, демалып денсаулықтарын түзеп қайтты. Әр оқу жылы барысында ұжым мүшелері әр мерекелік кештерді «Ұстаздар күні» «Жаңа жыл» «Наурыз мерекесі» ұйымдастырылып өтілуде. Ұстаздар төл мерекесін атап өту салтанатына әр ӘБ жетекшілерінің ұсынысымен бекітіліп бірнеше ұстаздар «Құрмет» қағаздарымен, «Алғыс хаттармен» кәсіподақ тарапынан марапатталды. Аудандар мен мектеп арасында өткізілетін спорттық жарыстарға кәсіподақ демеушілік етіп отырады. Мектеп командасына ақшалай жүлде бөлініп, бағалы сыйлықтармен марапатталып отырады. Ауданда мұғалімдер арасында өтілетін «Жыл мұғалімі», «Өнерлі ұстаз», «Үздік сынып жетекші» сайыстарына қатысқан, жүлделі орындарды иемденгенде кәсіподақ қорынан ақшалай жүлде бөлініп, бағалы сыйлықтар тапсырылады. Сол сияқты бірқатар мұғалімдерге әлеуметтік көмек ретінде ақшалай қаржы берілді. Атап айтқанда Х. Жүнісова, Г. Қанжігітова, К. Тастанбек, А. Пасенова, А. Шымалиеваларға ақшалай қомақты қаржы берілді. Әр оқу жылының барысында ұстаздар қауымының жетістіктері үнемі ескеріліп аудан, облыс, республика тарапынан мадақталып, кәсіподақ комитетінің шешімімен беріліп отырылады.

**ЛӘЗЗАТ ҚҰЛМАХАНБЕТ,**

Адами әлеуетті дамыту бөлімінің қарасты «№1 М. Әуезов атындағы жалпы орта мектебі»
мектеп директорының ғылыми-әдістемелік орынбасары
Түркістан облысы, Шардара қаласы

ЖАҢАРТЫЛҒАН ЖҮЙЕДЕ НӘТИЖЕГЕ БАҒЫТТАЛҒАН БІЛІМ БЕРУ

*Адамның адамишылдығы... жақсы ұстаздан болады.
Абай Құнанбаев*

Тәуелсіз Қазақстан Республикасы әлемдегі бәсекеге қабілетті елдер қатарына еніп, өзіндік қолтаңбасымен дараланып, ешкімге ұқсамас өрнектерімен айшықталып, ерекшеленіп келеді. Тәуелсіздіктің қысқа жылдары аралығында мемлекетіміз дүниежүзілік қауымдастықпен кіріге отырып, экономикалық өсудің жоғары қарқынымен ерекшеленді. Осыған байланысты, қоғамдық деңгейінің, экономикалық қуаттылықтың және елдің ұлттық қауіпсіздігінің белгісі ретіндегі адами ресурстардың білім беру жүйесінің ролі мен маңыздылығы артады. Білім – әлемдегі өркениеті дамыған елдердің барлығында дерлік дамудың негізгі көрсеткіші мен негізгі басыңқы бағыты болып табылады.

Бүгінгі таңда Қазақстан Республикасында білім берудің жаңа жүйесі жасалып, еліміздің білім беру жүйесі әлемдік білім беру кеңістігіне енуге бағыт алуда. Ашығын айтқанда: білім берудің мазмұны жаңарып, жаңа көзқарас, жаңаша қарым-қатынас пайда болды, білім берудің парадигмасы өзгерді.

Осы бағытта мектеп ұжымы, оның ішінде 10 пән бірлестіктері жұмыс жасауда. Ұстаздар жаңарған білім беру жүйесінде оқушыларға білім беруде. Мектебіміздің ұстаздары өз пәндерінен дарынды оқушыларды түрлі жарыстар, байқаулар мен олимпиадаларға дайындап аудандық, облыстық және республикалық деңгейде нәтижелер көрсетуде.



21	«Табиғат туған анамыз» шығарма байқауы	аудандық				1					
Өнер байқаулары											
22	«Туған жерге тағзым» ән байқауы	аудандық		1							
23	Би байқауы	аудандық				1					
24	Сурет байқауы	республикалық	2								
25	Қолөнер байқауы	аудандық				1	1				
Спорт байқаулары											
26	«Армреслинг»	Әлем чемпионаты				1					
		Азия чемпионаты	5			4		1			
		ҚР чемпионаты	1			5	1	2			
		Облыс чемпионаты	1			5	4				
27	«Ауыр атлетика»	ҚР чемпионаты	1			2					
		Облыс чемпионаты	1			9					
28	«Гир көтеру»	ҚР чемпионаты				7	1				
29	«Грек –рим күресі»	ҚР чемпионаты	1				1				
30	«Еркін күрес»	Халықаралық сайыс					1				
		Облыс чемпионаты				1					
31	«Дзюдо»	ҚР чемпионаты	1			1	1				
32	«Волейбол»	Облыс чемпионаты	2						3		
		ҚР чемпионаты						2			
33	«Бокс»	Облыс чемпионаты	1			1	1				
		ҚР чемпионаты						1			
34	«Таэквондо»	Облыс чемпионаты	1								
35	«Баскетбол»	Облыс чемпионаты	7			1			8		
		ҚР чемпионаты					2				
36	«Футбол»	Облыс чемпионаты	3			3	2				

Сонымен қатар биылғы әлемдік пандемия кезінде де онлайн жағдайында түрлі байқауларға қатысып жүлделі орындар алып отырды.

2021 жылдың ақпан айының 8-12 аралығында өткен аудандық олимпиададан мектеп оқушылары 4 – І орын, 3 – II орындарға ие болды. Олардың ішінде информатика пәнінен 10 сынып оқушысы Тәшен Молдияр облыстық пән олимпиадасынан 2 орынға ие болып, республикалық кезеңге жолдама алып отыр.

Қорыта айтқанда, болашақта бәсекеге қабілетті мемлекеттер қатарына ену міндеті бәсекеге қабілетті маман мойнына жүктелетін абыройлы да, жауапты міндет болып отыр. Бүгінгі жас ұрпақ – ертеңгі мемлекет тұтқасын ұстаушы білікті маман, ел тағдырын шешуші азамат. Сондықтан оқушыға терең білім бере алатын, ХХІ ғасыр мұғаліміне сай болу үшін ізденімпаз, ғалым, нәзік психолог, жан-жақты шебер, тынымсыз еңбекқор, терең қазыналы білімпаз, кез-келген ортаның ұйытқысы бола білейік!



Мұсабекова Акерке
орыс тілі пәнінен облыстық пәндік
олимпиадасынан 2018 жылы - 3 орын, 2020
жылы - 2 орын иегері. Жетекшісі: Сапарова
Мақпал



Каримова Айым
7 сынып оқушысы
2021 жылы «Зерде» зерттеу жобалары мен
шығармашылық жұмыстарының XVI
Республикалық конкурсының облыстық
кезеңінде химия пәні бойынша I орын иегері.
Жетекшісі: Абдикаримова Рабиға



Ташен Молдияр
10 сынып оқушысы
2020 жылы «ҒЫЛЫМ 2020» халықаралық ғылыми-зерттеу жұмыстарының байқауында II орын
иеленген.
Жетекшісі: Байболаева Мейрамкүл
2021 жылы облыстық пән олимпиадасында информатика пәні бойынша II орын иеленген.
Жетекшісі: Смайлова Гүлжазира

ЛӘЗЗАТ СМАЙЛОВА, БЕКЖАН ЕСПАНОВ, ҰЛБАЗАР КАУМЕНОВА,
Шардара ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімінің «№1 М. Әуезов атындағы жалпы
орта мектебі» КММ-нің педагог – психологтары

МЕКТЕПТЕГІ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТТІ ДАМУ ЖОЛДАРЫ

Сіздің балаңызға деген көзқарасыңыз оның өміріне үлкен әсерін тигізуі мүмкін. Басқаша айтқанда, егер сіз оның бойындағы дарынын байқасаңыз, оның өз-өзіне деген сенімін қалыптастырасыз. Ал егер мұндай көзқарасты балаларыңыздың бойында дамытсаңыз, ол бүкіл әлемге осындай бағаға лайық екенін дәлелдеуге тырысады.
(Р. Кийосаки)

Жалпы орта білім беретін оқу орындарында психологиялық қызметтің жұмыс атқарып жатқанына 17 жыл. Негізінде психология ғылымы оқу тәрбие жұмысының мазмұнымен мәнін терең түсінуге, оқушылардың ақыл – ой қызметі мен мінез-құлқын басқара отырып, олардың дамуын жетілдіруге, тиімді әдіс-тәсілдерді кеңінен қолдануға мол мүмкіндік береді.

Қазіргі әлемде болып жатқан қарқынды өзгерістер бала психологиясына әсер етіп, мектептегі психологиялық қызметтер осы күнде бір жүйеге түсті. Психологиялық қызметтің негізгі мақсаты – жаңа өсіп келе жатқан ұрпақтың қалыптасуына көмек беру. Көмекті ата-аналармен жұмыс жүргізуден бастауымыз қажет. Өйткені баланың басты ұстазы ата-ана. Осы бағытта өзім жұмыс жасайтын №1 М. Әуезов атындағы жалпы орта мектебінде ата-аналармен «Отбасылық тәрбиенің бала тұлғасын дамытуға және қарым-қатынас жасауға тигізетін ықпалы» тренингін өткіздім.

Баланың жекетұлға ретінде жан-жақты дамуына, өзіндік көзқарасының қалыптасуымен ой-өрісінің кеңеюіне мектеп психологінің атқаратын рөлі зор және маңызды. Осы мақсатта «психологиядағы қарым-қатынас мәдениеті» тренингі жоғарғы сынып оқушыларымен ұйымдастырылып өткізілді.

Психологиялық тұрғыдан дарынды балаларды анықтау мақсатында Шардара ауданы мектептерінің инновация жөніндегі орынбасарларының семинарында «Дарындылық

ұғымының психо – педагогикалық негіздері» тақырыбында дөңгелек үстел ұйымдастырылды. Дөңгелек үстелде қазіргі заманғы мектептің ең бір өзекті мәселесі – дарынынды оқушыны анықтауға жағдай жасау жолдарын түсіндіру бойынша мәселелер көтеріліп қарастырылды.

Мектептегі қиын оқушылармен жұмыс жүргізу қазіргі мектептегі педагогтардың, ата-аналардың алдына қойған басты міндеті «Қиын топтағы балалар әр түрлі өмірлік жағдайлардан пайда болады. Сондықтан да осы топтағы балаларға жекелей жұмыс, педагогикалық әдістемелер жүргізілді. .

Оқушылармен әңгімелесу, сауалнама, тест әдістерін қолданып жұмыс жүргізілді.

Девиантты мінезді балаларды анықтау мақсатында «Қарым-қатынаста агрессияны болдырмау жолдары» тақырыбында ата-аналармен кең көлемде ұйымдастырылған дөңгелек үстел өткізілді.

Оқушыларға кәсіби бағдар бойынша ақпарат беру, болашақ таңдаған мамандығына байланысты кеңестер беріліп дұрыс таңдау жасай білуіне бағыттар беру мақсатында «Менің мамандығым-мәртебелі мамандық» тақырыбында бастауыш сынып оқушыларымен тренинг сабағы ұйымдастырылды.

Мектеп оқушыларын кітап оқуға тәрбиелеу барысында, адамның ішкі жан дүниесін, рухани әлемін танып, дамытып жетілдіру мақсатында «Жас ұрпақ еліміздің болашағы» аудандық оқырмандар семинарында дөңгелек үстел ұйымдастырып өткіздік.



МАДИНА САРТБАЕВА,

№1 М. Әуезов атындағы жом өзін-өзі тану бірлестік жетекшісі
Түркістан облысы, Шардара қалсы

«ӨЗІН-ӨЗІ» ТАҢУ» ПӘНІНІҢ ӨЗЕКТІЛІГІ

Өзін-өзі тану пәні аты айтып тұрғандай ең бірінші өзінді танудың алғышарты десек артық айтқандық емес. Өйткені, өзгеден бұрын өзінді таныс білетін ерекше пән.

Елімізде «Өзін-өзі тану» 2010-2011 жылдары жалпы білім беретін мекемелердің барлығына жаппай пән ретінде өткізілді. Осы пән бір аталмыш пәнінің рухани-адамгершілік білім берудің басты идеясы ретінде «Бөбек» қорының президенті Сара Алпысқызының ұсынғанын

бәріміз мақтаныш пен айта аламыз. Тіпті Қазақстанның бірінші ханымы – Сара Назарбаеваның он екінші ақпан жеке мерекесіне орай, «Өзін-өзі тану шығармашылық және махаббат педагогикасы» атты іс-шаралар жоспарына сәйкес.

№1 М. Әуезов атындағы жалпы орта мектебінің «Өзін-өзі тану» пәнінің мұғалімдері «Өзін-өзі тану маржандары», аудандық эстафета-челендж, «Махаббат пен шығармашылық»

педагогикасы, атты педагогикалық оқулар, «Алтын жүрек» фотокөрме, «Алтын жүрек анамыз» мәнерлеп оқу байқауы, «Махаббатқа толы жүрек» ЭССЕ байқауы, «Жүректен жүрекке» республикалық қашықтықтан өнер байқаулары тағы басқа игі шаралар бір ай көлемінде онлайн форматта өткізілді. Ерекше атап өтетін жайт мұғалімдеріміз де өз еңбектерінің жемісін көруде. Атап айтар болсақ, аудандық олимпиададан

11 сынып оқушысы Сәрсенбай Зере 2-орын иемденіп жетекшісі Сартбаева Мадина «Алғыс

хат» табысталды. Сондай-ақ, А. Сопбекова, Г. Каримова, Г. Ахметова атты ұстаздарымыз марапатталып, Алғыс жарияланды.

Пандемия кезінде қашықтан ZOOM платформасы арқылы «Менің сыныптасым»

М. Сартбаева, «Жомарт және кішіпейілділік»

А. Сопбекова, «Жақсылық жолмен жүр»

Г. Аманова, «Жомарттық пен кеңпейілділік»

Ф. Садыхановалар өз деңгейінде сабақтар өткізіп, көпке үлгі болды.



МАДИНА МАККА,

№1 М. Әуезов атындағы ЖОМ-нің тарих пәнінің әдіс бірлестік жетекшісі
Түркістан облысы, Шардара қаласы

ҰЛТ ТАРИХЫН ҰЛЫҚТАЙТЫН ҰСТАЗДАР

Тарих — адамзат баласының өткенін зерттейтін қоғамдық ғылым.

Тарихтың негізгі пәні ретінде - адам рухы қарастырылады, соған байланысты тарихтың мақсаты адамдарға тек өткенін ғана білгізу емес, рухани дүниесін қалыптастыру екенін айта кеткен жөн. Тарих - үздіксіз даму үстінде болатын ғылым. Өткенін білмей қазіргісі мен болашағын бағалау мүмкін емес, қоғамның дұрыс бағытта дамуы үшін азаматтардың тарихи сауаттылы мен белсенділігі орасан зор маңызға ие. Халықсыз - тарих жоқ, тарихсыз - халық жоқ деген нақыл бекерге айтылмаса керек. Тарихи зерделеу арқылы тарихи сана, мәдениет, дәстүр, ұрпақтар сабақтастығы қалыптасады. Тарих болып жатқан оқиғаларды жан-жақты әрі тереңінен көре білу қасиетін дамытады және болашаққа дұрыс қадам жасауға жәрдемдеседі.

XXI ғасыр жаһандану дәуірінде қазақ ұлты өз орнын сақтап қалу үшін ділін, тілін, дінін және ата-бабамыздан келе жатқан салт-дәстүрімізді ұстана отырып адамзат өркениетіне қосқан үлесімізді көрсете білуіміз керек. Қазақ халқы кездейсоқ пайда болған және әлемдік факторлар әсерінен қалыптасқан ұлт емеспіз. Қазақ халқы мыңдаған жылдық тарихы бар адамзат өркениетінің қалыптасуына өзіндік үлес қосқан, тіпті әлемдік тарихи процестердің ортасында болдық десек те қателеспейміз.

Тәуелсіз дербес мемлекет қалыптастырудың алғашқы шарты бүгінгі жастардың бойында ұлттық сана сезім мен тарихи сана сезімді қалыптастыра отырып қазақ қоғамына терең ой-пікір қалыптастыруға елбасының бұл мақаласы үлкен негіз болмақ.

Рухани жаңғыру арқылы ұлттық кодымызды танып, әлемге өзімізді таныта білсек, «Ұлы даланың жеті қыры» арқылы біз айқындалу жолын нақты белгілеп алдық. Біздің халық – ғұндар мен сақтардың, түркі этностар тобының мұрагері. Біз кім екенімізді айқындап қана қоймай, бүкіл әлемге де белгі бердік. Әсіресе, қазір бұл өте маңызды.

«Сөзі жоғалған жұрттың өзі де жоғалады» деген Ахмет Байтұрсынұлы. Яғни, сөзінің мәніне бойлаған ел өз болмысын танымақ.

Аяғы жерден көтеріліп, атқа конған қазақ ешкімге кеудесін бастырмаған. Тарихи сана қалыптаспай, мемлекетшілдік сана орнықпасы белгілі. Ал тарихи сананың тұғыры қашанда ұлттық мақаласының негізі өзегі деп түсіндік. Осындай игі бастамаға атсалысу –әрқайсымызға қастерлі міндет.



Осы орайда, біздің мектептің тарих география бірлестігінде он бір тарихшы маман мен жеті географ ұстаздар еңбек етеді.



Тарихшылар; Қанжигитова Гаухар, Рустемова Гулмира, Арипжанова Алма, Мырзахметова Бағжамал, Тұрабай Құралай. Жунисова Жибек, Айжанова Жадыра, Ахетов Нурлан, Нұртазаева Балқия, Исламова Перизат

Географ ұстаздарымыз: Тоқшабай Бағдат, Ержан Ғазиза, Мирзахаирова Жайсан, Бөрібек Гулбана, Қалымбеова Лазат, Кенжетөреева Салтанат, Изтілеуова Лаура

Бірлестікте алты зерттеуші, жеті сарапшы, бес модератор ұстаздарымыз бар.

Біліктілігін арттырып барлық ұстаздық жолындағы оқуларын оқып, білімдерін шыңдап жүр.

Ұстаздарымыздың барлығы білімді жастар тәрбиелеуде аянбай еңбек етіп келеді.

Біздің бірлестікте мектеп директоры: Е. Акбердиев, оқу ісінің орынбасары: Б. Тоқшабай, Нұр Отан партиясының белсенді ұжым ұйымдастырушысы Н. Ахетов, құқық пәнінің майталманы жылда пән олимпиадан қалмайтын П. Исламовалар еңбек етуде.

Мектебімізге отыз жылдан астам еңбегі сіңген Кеңес өкіметі кезінде коммунистік

партияның белсендісі: Гаухар Қанжигитова ұстазымыз еңбек етіп келеді.

Қазақстан тарихы, Отанымыздың тарихын ұрпақтарымызға дәл жеткізу арқылы ұлтшылдық пенадалдыққа тәрбиеленеді. География пәні арқылы ата бабамыздың сақтаған жерін танып, білуге көп үлесін қосады.

Бірлестіктегі барлық мұғалімдер абыройлы ұстаздар.

Әсіресе, 2020 жылы карантин кезінде қашықтықтан оқытуда еңбектері зор болды. Әрбір оқушымен байланыста болып, көңіл күйіне қарап, тірек бола білді.

Әр оқушының уйіне барып, жағдайын біліп тұрды.

Қашықтан оқытудың шебері болды. Синхронды оқыту, зуммен оқыту, басқа желі арқылы оқытып, оқушыларды қызықтыру арқылы тарих және география пәндерін меңгерте отырды.

Сонымен бірге, тарихшылардың мұражаймен, еліміздің қасиетті жерлеріне саяхат жасай отырып шәкірттерінің білімін тереңдетуде ұлы жолды таңдаған деп, білемін.

**РАБИҒА АБДУКАРИМОВА,**

Адами әлеуетті дамыту бөлімінің қарасты «№1 М. Әуезов атындағы жалпы орта мектебінің» химия - биология пәндер әдістемелік бірлестік жетекшісі
Түркістан облысы, Шардара қаласы

ЖЕМІСТІ ЖЕТІСТІКТЕРІМІЗ

*“Еліміздің ертеңі бүгінгі ұрпақтың қолында, ал ұрпақтың тағдыры ұстаздың қолында”
Н. Ә. Назарбаев*

Ұстаз-жас ұрпақтың рухани сәулеткері
Парасат пен пайымды, ақыл мен білімді, ұлттың

және азаматтық құндылықтарды ұрпақ бойына
дарытушы тұлға.





Өз мамандықтарын жақсы меңгерген, шығармашылықтармен жұмыс істейтін ұстаздарымыз, қазіргі білім беру саласында озық технологияларды оқу тәрбие үдерісінде тиімді пайдалану үстінде. Жас ұрпаққа тәлім-тәрбие білім беру, Отансүйгіштікке тәрбиелеу, ұстаздарымыздың басты міндеті. Егемен еліміздің ертеңін ойлар, білімді де саналы, өз туған жерін, Отанын, елін сүйетін шәкірт тәрбиелеуде өзінің үлесін қосып жүрген мектебіміздегі үлгілі ұстаздарымыз химия пәнінің ұстаздары Абдукаримова Рабиға, Құлмағанбетова Ләззат, Манкараева Гүлнар, Мақұлбекова Гүлмира және биология пәнінің ұстаздары Асықбекова Гүлнар,

Бердешова Гүлбану, Құрбанова Перуза, Алимбекова Маржан, Шорабекова Мөлдір, Арынбекова Алтынай, Танабаева Бақытжамал, Қуандыкова Сандуғаш, Алимбекова Жазира жоғарыдағы ұстаздарымыздың шәкірттері аудандық жүлдегерлер болса, енді біреулері – аудандық облыстық республикалық деңгейдегі ғылыми жоба жұмыстарының жеңімпаздары.

“Ұстаздық еткен жалықпас, үйретуден балаға” дегендей Абдукаримова Рабиға ұстазымыздың жетекшілік етуімен XVI Республикалық “Зерде” конкурсының облыстық кезеңінің жүлдегері 7-сынып оқушысы Каримова Айым I дәрежелі дипломды жеңіп алды.





2018-2019 оқу жылында жаратылыстану-математикалық пәндер бойынша республикалық юниорлық олимпиаданың аудандық кезеңінде биология пәні бойынша Асықбекова Гүлнар ұстаздың жетекшілігімен 7-сынып оқушысы Маханбет Айжан Мақсатқызы 1 дәрежелі орынды иемденді.

Шорабекова Мөлдір және Танабаева Бақытжамал 2018-2019 оқу жылында мектебімізде аудандық семинарда 10 сынып “Адам денесіндегі қан мен басқа сұйықтықтарды жасанды тазарту. Диализ әдістері” тақырыбында семинар сабақ өткізіп І-ІІ жүлделі орындар алды.

Мектепішілік “Жаңа мектепке жаңашыл ұстаз” атты байқауда Мақұлбекова Гүлмира “Білімді ұстаз” наминациясын алды онымен қоса Елбасы Н. Ә. Назарбаевтің “Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру” бағдарламалық мақаласын, тәрбие мен білім беруді насихаттау мақсатында ұйымдастырылған республикалық “Рухани жаңғырудың жарқын жолы-өскелең ұрпақты ұлттық құндылықта тәрбиелеу” тақырыбындағы бағдарлама аясында атқарған істері үшін марапатталды.

Құрбанова Феруза “Шардара” мектеп – лицейінің базасында “Химия-биология пәндері



бойыншы оқушы тұласының функционалдық сауаттылығын қалыптастыру ” тақырыбында аудандық семинарында үздік сабақ көрсеткені үшін марапат иемденді.

Әр жылы дәстүрлі түрде өтетін пән олимпиадасына оқушыларымыз қатысып келеді. Биылғы жылы пән олимпиадасында Шорабекова Мөлдір апайымыздің жетекшілігімен 11 “Г” сынып оқушысы Жасұзақ Балжан аудан көлемінде өткен олимпиададан І орын иемденді.

Мұғалімдер арасында өткен аудандық олимпиадада 2019 жылы химия пәнінен Манқараева Гүлнар ІІІ-орынды, ал биология пәнінен Арынбекова Алтынай ІІ-орын иемденді.

Химия-биология пән мұғалімдері оқушыларға сапалы білім, саналы тәрбие беру жолында әліде алар асулары көп. “Қырық жыл мұғалім болсаңда, қырық минуттық сабаққа дайындал” дегендей химия-биология мамандары шәкірттеріне жаңа әдіс-тәсілдерді қолданып, сабақты жоғары дәрежеде өте отырып, білімді де саналы ұрпақ тәрбиелеуге үлкен үлестерін қосуда. Осындай білікті, білімді ұстаздарымызбен және жеңімпаз, көшбасшы шәкірттерімізбен мақтана отырып, бұданда үлкен белестерді бағындырамыз.



ХАНДУЛЛАЕВА СƏНДИБАЛА,

Адами әлеуетті дамыту бөліміне қарасты «№1 М. Әуезов атындағы жалпы орта мектебі» педагог – ұйымдастырушы
Түркістан облысы, Шардара қаласы

ТӘРБИЕ БАРШАМЫЗҒА ОРТАҚ ІС

Мектептің негізгі міндеті баланың бастапқы тұлғалық қалыптасуын қамтамасыз ету, оның қаблеттерін айқындау және дамыту болып отыр. Бала тәрбиесіне, жалпы адам тәрбиесіне мән беріп оның сәтті қағидалары мен ережелерін жасағандардың бірі қазақ халқы. Халықтың ғасырлар бойы зор еңбегін жазып шығу үлкен еңбек, қыруар жұмыс оның бәрін қамталмасақ та сол жұмыстың бір тамшысы ретінде ұлттың тәрбие ісіндегі сәбилік кезден ес біліп, ер жеткенге дейінгі салт – дәстүр, әдет – ғұрып үлгілері мен өнегелері баланың өсу жолымен беріліп отырады. Олай болса, бала тәлімі құрсақтан десекте болады Білім беру жүйесінде оның ішінде мектептен тыс көптеген эстетикалық бағытта іс – шаралар өтілуде. Эстетикалық тәрбие әсемдікті сезінуді, түсінуді, оған деген сұранысты адам бойында мақсатты түрде қалыптастыру.

Жанұядағы тәрбие мен мектептегі тәрбие, өзбетінше білім алу, өнер арқылы тәрбиелеу, көркемөнерпаздар ұжымына қатысу – бәрі эстетикалық тәрбие жүйесінің жеке бөлімдері. Эстетикалық тәрбие біртұтас, үйлесімді жан-жақты түрде жеке адамды дамытуға көмектеседі.

Жеке адамды өнер арқылы тәрбиелеу әдебиет, музыка, көркемсурет, театр саласындағы маман-педогогтар көмегімен жүзеге асады. Көркем тәрбиенің маңызын ешкім жоққа шығармаса да, көп ретте бұл оқушыға өнер туралы мәлімет берумен шектеледі. Өнерге, әсемдікке үйрету үш түрлі сатыда болуы мүмкін, өнерді пайдалануға үйрету, жақсы орындаушыны тәрбиелеу немесе шығарма жасаушыны қалыптастыру. Мектеп жасындағы балалар музыка өнеріне тәрбиелеуде ауданымызда жылда өтетін мектеп аралық фестиваль арқау бола алады. Ол жерде біз ауданымыздағы мектеп оқушыларының ән, би, күй өнеріне деген сүйіспеншіліктерін көре аламыз. Үлкен салтанатты кештерде, мейрамдарда ұйымдастырылған мәдени – көпшілік шаралар оқушыларды ортақ бір іске, мақсатқа топтастырып, достыққа, ынтымаққа жетелейді. «Ән-күйге құмар бала жаны-нәзік әрі таза өседі» – деп М. Әуезов айтқандай мектеп жасындағы балаларға өнер арқылы тәрбие беру барлығымыздың алдымызға қойылған мақсатымыз және ортақ міндетіміз екендігі аян.





ТЕМИРЛАН ХОДЖАНИЯЗОВ,

Шардара ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімінің «№1 М. Әуезов атындағы жалпы орта мектебі» КММ-нің директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары

АРМАН ЖОРАБЕКОВ,

Шардара ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімінің «№1 М. Әуезов атындағы жалпы орта мектебі» КММ-нің Дене шынықтыру және спорт нұсқаушысы

СПОРТ – ДЕНСАУЛЫҚ КЕПІЛІ

Бала тәрбиесін «Салауатты өмір сүру мен – тазалық сақтап, дене тәрбиесі және спортпен шұғылдану арқылы ұштастыруға болады. Бала тәрбиесіне қазақ халқы ерте кезден көңіл бөліп, баланың ақыл – ойының, дене бітімінің дұрыс қалыптасуына ерекше көңіл бөліп отырған. Осыған дәлел қазақтың спорттық ойындары. Жас кезінен бастап балаларға дұрыс тәрбие беріп, асық атып, атқа мініп, теңге іліп, бәйгеге шауып, күреске түсіп өскен балалар шымыр да шыныққан, епті де икемді болғанын білеміз. Қазіргі уақытты өткен кезеңмен салыстыра алмайсың. Себебі, уақыт өте көптеген өзгерістер өмірге енді. Тіпті, бала тәрбиесіне жаңаша көз қараспен қараймыз. Қазіргі таңдағы қоғамдағы жат қылықтар жастарға кері әсерін тигізуде. Жастар арасындағы темекі, ішімдікке еліктеушілік, тіпті нашақұмарлық та дендеп бара жатқандай. Қазіргі ғаламдық жаңару кезінде компьютерге тәуелділік мәселесі де қосылып отыр. Қызығушылықпен істеген әрекеттің соңы немен тынарын да түсінбей істеп, опық жеуі мүмкін. Сол себепті баланы тәрбиелеу барысында салауатты өмір салтын қалыптастыруда дене тәрбиесінің маңызы зор.

«№1 М. Әуезов атындағы жалпы орта мектептің дене шынықтыру пән бірлестігінде 17 пән мұғалімдері бар. Бірлестік жетекшісі Жорабеков Арман.

2018-2021 оқу жылдар аралығында бірлестік мүшелері оқушылармен бірлесе отырып ауданда өткен барлық іс-шараларға қатысты. «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру» және «Лайықты ұрпақты тәрбиелейік» атты ұранмен баскетболдан өткен жарыста бірінші орын, қол күрес жарысында да бірінші орын иеленді. Футболдан жастар арасында екінші орын, волейболдан Түркістан облысының біріншілігінде үшінші орын алды. Шардара аудандық спартакиадасында футболдан жасөспірімдер арасында бірінші орын, Тұңғыш президент күніне арналған кіші футболдан үшінші орын алды. Мектепте спорт түрлерінен мектепшілік жарыстар өткізілді. Облыстық, Республикалық,

Азиялық, Әлемдік жарыстарға қатысып келеді. Спортшы чемпион оқушыларымыз Жұматаев Ерсейіт дзюдо күресінен Астанада бірінші орынға ие болды. Рахмет Азамат қол күресінен Азия чемпионы. Арапбай Азамат Түркістан облысының чемпионатында екінші орын, Қазақстан Республикасы IX жазғы универсиадасында қол күрестен үшінші орын иемденді. ҚР тәуелсіздік күніне орай грэпплингтен «Қазақстан кубогы» Республикалық турнирде Жұматаев Ерсейіт үшінші орын алды. Армрестлинг спортынан жасөспірімдер арасында Түркістан облысының кубогы жарысында бірінші орынды Айтбек Бекет иеленді. XVI –Азия ойынында қол күрестен, Түркістан облысы кубогында бірінші және екінші орындарды иемденді. Түркістан облысының чемпионатында бірінші орынға ие болған қыздарымыз: Дүйсенбек Сабира, Дүйсебай Ұлжан 55 кг салмақта облыс чемпиондары. Ауыр атлеттен Ермбет Аружан 35 кг салмақта Азия және Қазақстан чемпионы. Қол күрестен Азия кубогының иегері Р. Айтжан Түркістан облысының чемпионатында бірінші орынға ие болды. Ү. Иманғали дзюдодан жасөспірімдер арасында облыстық чемпион атанып бірінші орынға ие болды. «Алтын күз» спартакиадасынан бас жүлдеге ие болды. Спорт сүйер шәкірттеріміз бен жастарымыз біздің мақтанышымыз. Пән бірлестік мұғалімдері жоғары дәрежелі тәжірибелерімен, сабақта қолданатын әдіс-тәсілдермен ұстаздарымыз шәкірттеріне аянбай білім беруде. Дене шынықтыру пән мұғалімдері түрлі тактикаларды ұтымды пайдалана отырып, үздіксіз тәжірибе алмасуда. Кез келген оқыту түрінің өз артықшылықтары мен кемшіліктері де болады. Спорт оқу түрінің еркіндігі мен икемділігі кез келген тұлғаға мүмкіндік береді. Салауатты өмір салтын насихаттап жүрген адамның денсаулығы жақсы болады. Сол себепті спорт денсаулық кепілі екенін ұмытпайық! Спорт сенің серігің жанға дауа, қолға күш. Қимыл мен қозғалыс адамды сергітеді сондықтан үнемі спортпен айналысуды ұмытпаңыз!



2019 жыл

Европа чемпионы – 1 оқушы

Әлем чемпионы – 1 оқушы

Республика чемпионы – 1 оқушы

Азия чемпионы – 2 оқушы

Облыс чемпионы – 6 оқушы

№	Оқушының аты-жөні	Сыныбы	Алған орны		Спорт түрі	Жетекшісі
1	Ақтай Беккуат	11	Азия		Қол күрес	С. Нұрхалықов
2	Еран Азамат	11	Азия		Қол күрес	С. Нұрхалықов
3	Абдрахман Дияс	9	Азия		Қол күрес	С. Нұрхалықов
4	Роман Данияр	9	Азия		Қол күрес	С. Нұрхалықов
5	Бекжігіт Асылжан	10	Әлем		Қол күрес	С. Нұрхалықов
6	Нұрмаханбет Дияс	9	Азия		Қол күрес	С. Нұрхалықов
7	Әбілда Бақжан	9	Азия		Қол күрес	С. Нұрхалықов
8	Басымбек Нұрболат	8	Азия	Әлем	Қол күрес	Б. Тұрманов
9	Мұханбетов Ердаулет	9	Азия	Әлем	Қол күрес	Б. Тұрманов
10	Сейткерім Нұрболат	10	Азия		Қол күрес	Б. Тұрманов
11	Мәлікайдар Оразалы	8	Азия		Қол күрес	Б. Тұрманов
12	Бақытқызы Әсемай	10	Азия		Қол күрес	Ж. Ақбаева
13	Аманбек Медет	9	Азия		Қол күрес	Т. Рүстембек
14	Мәлік Арай	10	Азия	Әлем	Қол күрес	Ж. Ақбаева
15	Ауезов Дәулет	11	Азия		Қол күрес	Т. Рүстембек
16	Жақып Мадина	11	Азия	Әлем	Қол күрес	Ж. Ақбаева
17	Абдулла Ұлжан	10	Обл	Азия	Қол күрес	Ж. Ақбаева
18	Тұрғанбек Тұрар	10	Обл	Азия	Қол күрес	Т. Рүстембек
19	Байдуллаев Бақжан	9	Европа	Облыс	Гир	М. Алипхан
20	Шынтан Бақдәулет	10	Әлем	Облыс	Гир	М. Алипхан
21	Құдайберген Бейбіт	9	Республика	Облыс	Гир	А. Минапов
22	Серікбай Әсем	10	Азия	Облыс	Гир	М. Алипхан
23	Бейсембай Ерсұлтан	10	Азия	Облыс	Гир	М. Алипхан

2020 жыл

Бокстан Әлем Чемпионы – 2 оқушы

Еркін күрес Азия чемпионы – 1 оқушы

Дзюдодан Республика чемпионы – 2 оқушы

Дзюдодан облыс чемпионы – 2 оқушы

№	Оқушының аты-жөні	Сыныбы	Алған орны	Спорт түрі	Жетекшісі
1	Роман Диар	11	Азия	Бокс	Н. Байсов
2	Ахмет Нұрасыл	11	Облыс	Бокс	Н. Байсов
3	Айдар Олжас	9	Облыс	Бокс	Н. Байсов
4	Мекенбай Ұлықпан	9	Облыс	Дзюдо	Т. Алтынбеков
5	Сырлыбай Бексұлтан	8	Республ	Дзюдо	Т. Алтынбеков
6	Сакибаев Азамат	8	Республ	Дзюдо	Т. Алтынбеков
7	Алимхан Балзия	10	Облыс	Дзюдо	Т. Алтынбеков
8	Балабекова Ақбота	10	Азия	Еркін күрес	Т. Алтынбеков

Республика чемпионы – 2 оқушы**Облыс чемпионы – 10 оқушы**

№	Оқушының аты-жөні	Сыныбы	Алған орны	Спорт түрі	Жетекшісі
1	Кемал Әдемі	11	Республика	Волейбол	Н. Айнабеков
2	Қожахмет Аяжан	11	Республика	Волейбол	Н. Айнабеков
3	Ташман Перизат	10	Облыс	Волейбол	Н. Айнабеков
4	Жолбарыс Аруза	8	Облыс	Волейбол	Н. Айнабеков
5	Мұсабек Дана	8	Облыс	Волейбол	Н. Айнабеков
6	Көбей Қарақат	7	Облыс	Волейбол	Н. Айнабеков
7	Тәжібай Асылзат	7	Облыс	Волейбол	Н. Айнабеков
8	Аманбек Ботагөз	7	Облыс	Волейбол	Н. Айнабеков
9	Бердікүл Айым	7	Облыс	Волейбол	Н. Айнабеков
10	Суен Алина	7	Облыс	Волейбол	Н. Айнабеков

2021 жыл**Қазақ күресінен Республика чемпионы – 2 оқушы****Қазақ күресінен облыс чемпионы – 1 оқушы****Бокстан ҚР чемпионатының жеңімпазы – 5 оқушы****Ядро лақтыру спортынан ҚР чемпионатының жеңімпазы – 1 оқушы**

№	Оқушының аты-жөні	Сыныбы	Алған орны		Спорт түрі	Жетекшісі
1	Нұрманов Қанатбек	10	Республика	I орын	Қазақ күрес	Н. Шайманов
2	Сейсебаев Ақан	10	Республика	II орын	Қазақ күрес	Н. Шайманов
3	Сәрсенбек Таймас	9	облыс	III орын	Қазақ күрес	Н. Шайманов
4	Сапарбай Даниал	10	ҚР чемпионатының жеңімпазы	I орын	Бокс	Н. Байсов
5	Сәрсенбек Ұлжан	9	ҚР чемпионатының жеңімпазы	I орын	Бокс	Н. Байсов
6	Роман Диар	10	ҚР чемпионатының жүлдегері	III орын	Бокс	Н. Байсов
7	Ташкенбай Ажар	9	ҚР чемпионатының жүлдегері	II орын	Бокс	Н. Байсов
8	Сұлтанова Балнұр	9	ҚР чемпионатының жүлдегері	II орын	Бокс	Н. Байсов
9	Елікбай Ердәулет	11	ҚР чемпионатының жүлдегері	II орын	Ядро лақтыру	С. Хасанов



ШОЛПАН АСАНБАЕВА,
руководитель методического объединения
русского языка и литературы осш №1 им. М. Ауезова
г. Шардара, Туркестанской области

КАЗАХСТАНСКОЕ СРЕДНЕЕ ОБРАЗОВАНИЕ ВЧЕРА, СЕГОДНЯ И ЗАВТРА

*«Мы лишаем детей будущего, если продолжаем учить сегодня так, как учили этому вчера»
Д. Дьюи*

В настоящее время в образовании всего мира происходят перемены. Это обусловлено прогрессом всего человечества. Именно мы, педагоги, должны быть в курсе этих перемен, чтобы стать инициативными преобразователями в образовании. Как мы подготовим ученика 21 века? Ведь мир стремительно и динамично меняется. Меняются технологии, идёт устойчивое развитие, демографические изменения в обществе, безопасность в мире – все эти факторы имеют глобальный характер. Движение времени ощущается и в образовании. Наше государство также с каждым годом осваивает все новые технологии. Приоритетом в образовании,

является готовность учащихся к практическому использованию имеющихся знаний.

В послании Первого Президента Республики Казахстан, Лидера нации Н. А. Назарбаева народу Казахстана «Стратегия «Казахстан 2050»- Новый Политический курс состоявшегося Государства» подчеркнуто: «. .. Всем очевидно, что владение русским языком-это историческое преимущество нашей нации. Нельзя игнорировать тот факт, что именно посредством русского языка уже на протяжении не одного столетия казахстанцы обретают дополнительные знания, расширяют свой кругозор и круг общения как внутри страны, так и за её пределами».



Учителя секции русского языка и литературы

Да, действительно, русский язык как средство межнационального общения и как официальный язык Республики Казахстан занимает одно из ведущих положений. Изучение языка помогает ученикам приспособиться к изменениям на мировом уровне, понять языковые ценности и по-новому взглянуть на окружающую его жизнь. И мы, учителя второго языка, в данном случае русского языка в классах с казахским языком обучения, должны привить детям важность изучения языков. Понимание, уважение к русскому языку, удовольствие от чтения художественной, научной литературы и материалов СМИ будет способствовать приобретению более глубоких знаний и навыков мышления, а также критическому и творческому выражению. Учителя нашей школы прилагают все усилия, чтобы учащиеся получили достойное образование в сфере обучения русскому языку и литературе. Уроки русского языка в школе должны обеспечивать единство лексической и грамматической работы, связывающей все виды речевой деятельности на уроке, а также уроки русского языка и чтения.

В секции русского языка и литературы работают 14 учителей, из них 8-с квалификацией

педагогов-исследователей, 2- педагогический модераторы, остальные работают по второй категории и 3 молодых специалиста. Стаж самых опытных учителей достигает 35-36 лет. Это такие учителя как К. Сыздыкова и С. Кулиева, а самый молодой учитель со стажем 3 года.

Одной из задач каждого учителя было и остаётся нравственное и эстетическое воспитание детей. К сожалению, в современном мире происходит просто катастрофическое падение нравственных основ личности, растёт преступность среди подростков. Появилось множество молодёжных субкультур, которые негативно влияют на мировоззрение детей. Отчасти это происходит ещё и потому, что во внеурочное время детям некуда податься. На сегодняшний день просто жизненно важно занять детей и подростков полезной деятельностью. Следует отметить, наши учителя вложили немалый вклад в развитие нравственно-воспитательных работ в жизни школы. Пример этому: мероприятия, проведенные в стенах школ, такие как: «Абай и Пушкин-два гения веков» в районном масштабе.



Творческий вечер, посвященный поэзии А. Кунанбаева и А. С. Пушкина. Учителя М. Сапарова и Ш. Тажимуратова.

Казахстанское образование вобрало в себя всё самое лучшее, что было создано в советскую эпоху, и продолжает развиваться, ориентируясь на мировой опыт. Несмотря на имеющиеся проблемы наша школа дает хорошее знание. Доказательство тому призовые места наших детей на различных международных школьных

олимпиадах и конкурсах. Безусловно, это радует. Хочу отметить плодотворный труд Сапаровой Макпал Маликовны, ученица которой Мусабекова Акерке, неоднократно занимала призовое место в олимпиаде по русскому языку как в районном, так и в областном масштабе



Школа – это фундамент, стартовая площадка, которая выводит человека в большую жизнь. И от того, насколько знающим и верящим в себя он выйдет из стен школы, будет зависеть не только его собственная жизнь, но и благополучие общества, в котором он будет жить. Для того, чтобы учащиеся могли научиться учиться и стать самостоятельными, заинтересованными, ответственными и интеллектуально развитыми личностями, нам необходимо воспитывать и

развивать эти качества у учащихся, используя деятельностный подход в обучении и преподавании. Немалый труд вложили учителя для взаимообучения, взаимооценивания учащихся и организации индивидуальной, групповой деятельности учащихся и работы всего класса. Наши коллеги: Ш. Асанбаева, Р. Сарсенова, Ш. Тажимуратова, М. Сапарова провели несколько внеклассных мероприятий.



В целях обеспечения сохранности жизни и здоровья обучающихся и воспитанников, педагогов в период пандемии, объявленной Всемирной организацией здравоохранения, на основании постановления Главного государственного санитарного врача Республики Казахстан по обеспечению режима чрезвычайного положения при Президенте Республики Казахстан был издан Приказ


Министра образования и науки Республики Казахстан от 1 апреля 2020 года № 123

Об усилении мер по недопущению распространения коронавирусной инфекции COVID-19 в организациях образования, на период пандемии. Для казахстанских школ сложившаяся ситуация также была абсолютно новой и неожиданной.

Для того, чтобы решить эти проблемы, в авральном порядке учителям пришлось готовить материалы, программы, снимать видеоуроки, разрабатывать новые правила обучения, оценивания и инструкции, разворачивать работу специальных интернет-платформ для дистанционного обучения. По сей день школьники обучаются в данном режиме. Подавляющее большинство школьников обучались через Интернет. Им доступны

развернутые интернет-платформы «Күнделік» и «BilimLand». На данных площадках школьники находили видеоуроки, которые соответствуют учебной программе, после просмотра видеоуроков получали задания от своих учителей. Нужно отметить труд учителей, которые несмотря на встретившиеся трудности при использовании ИКТ, сумели наладить контакты с учениками, доказательство этому уроки, проводимые по платформе

ZOOM



Труд учителя — это не только ответственная, но очень благодарная работа, это ещё и настоящее искусство. Учитель должен быть образцом для подражания, эталоном образованности, интеллигентности, воспитанности. Именно он из учеников «лепит» настоящего человека, всесторонне развитую личность. Хочу отметить учителей с немалым стажем работ, которые неустанно трудятся: А. Койайдарова, Б. Кадырова, Ж. Айтбаева, Ж. Ауезова. На смену им нога в ногу идет молодое

поколение учителей: А. Ержанова, А. Шинтемирова, Ж. САуытбекова, К. Абдиева. Учителем быть очень сложно и трудно, на его плечи возложена огромная ответственность. Образование и воспитание неотделимы друг от друга, именно поэтому наша работа усложняется.

Учителем может стать любой, но полностью отдаться данной профессии может не каждый. Именно поэтому Учитель — это ПРИЗВАНИЕ!



ЭЛЬМИРА МАРХАБАЕВА,

№1М. Әуезов атындағы жалпы орта мектебінің
қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің әдіс-бірлестік жетекшісі
Шардара қаласы

ҚАЗАҚ ТІЛІ БІРЛЕСТІГІ БІЛІМ БЕЛЕСІНДЕ

Осыдан бір ғасыр бұрын, яғни XX ғасырдың басында көрнекті жазушы Жүсіпбек Аймауытов: «Сабақ беру – үйреншікті жай ғана шеберлік емес, ол жаңадан жаңаны табатын- өнер» деген екен. Ата бабамыздың ана тілін асқақтата аялаған дәстүрін дәріптеп, тілімізді бүгінгі ұрпақтың санасына сіңіру жолындағы қазақ тілі мен әдебиеті пән әдіс- бірлестігінің ұстаздық тәжірибеде алдыға қойған мақсаты - оқушыларды ана тіліміздің қадір-қасиетін мейлінше терең түсініп, қазақ тілінің мүмкіндігін молынан пайдалана алуына, сауатты да саналы тұлға қалыптасуына ықпал жасау.

Еліміздің көркейіп – гүлденуі және өркениетті елдер қатарына қосылуы бүгінгі ұрпақ бейнесінен көрініс табады. Ертеңгі күннің бүгіннен де нұрлы да жарқын болуы, тек білімге ғана тән. Бүгінгі заман талабы – еліміздің өркениетті, бәсекеге қабілетті елу елдің қатарына қосу. Ол үшін ел ертеңі жас ұрпақты саналы да сапалы, иман жүзді ұрпақ етіп тәрбиелеу-ұстаздар қауымының басты міндеті.

Қазіргі таңда ғылым мен техниканың дамуы мемлекеттік тіліміз-қазақ тілін үйретудің жаңаша жолдарын талап етеді. Себебі, Тәуелсіз Қазақстанның әрбір азаматы мемлекеттік тілде еркін қарым-қатынас жасап, яғни тілдік қатынасқа түсуді үйренуі қажет. Осы орайда, қазақ тілі мен әдебиеті пән мұғалімдерінің оқушы жүрегіне жол тауып, дарынды оқушылармен дұрыс жұмыс жүргізе отырып, олардың шығармашылық қабілеттерін дамытып, жандандыруда.

Шағалалы Шардара қаласының қақ төрінде орналасқан №1М. Әуезов атындағы жалпы орта мектебінің қазақ тілі мен әдебиеті әдіс-бірлестігінде 18 мұғалім жұмыс істейді.

Оның ішінде жоғары санатты -12 мұғалім: Сериев Ә, Момынов О, Смайлова К, Қалиева Қ, Бибек Л, Насрединова Ф, Ахетова М, Қанжігітова А, Шамшидинова Х, Мархабаева Ә, Сапарбаева Ұ, Жамбай Ж.

I санатты –1 мұғалім: Саттарова Қ.

II санатты-5 мұғалім: Басымбекова А, Жүнісбекова Г, Утеубекова С, Каримова Г, Байдаулетова Г.

Бірнеше мұғалімдер кәсібін дамыту мен білім сапасына қатысты нақты міндеттерді атқара отырып, аттестациялық тестілеуден, біліктілік санаттарын жоғарылатты.

Педагог- зерттеушіден- 9 мұғалім өтті. Олар: Бибек Л, Смайлова К, Қалиева Қ, Насрединова Ф, Қанжігітова А, Ахетова М, Шамшидинова Х, Мархабаева Ә, Сапарбаева Ұ.

Педагог –сарапшыдан- 6 мұғалім өтті. Олар: Сериев Ә, Саттарова Қ, Басымбекова А, Жамбай Ж, Жүнісбекова Г, Байдаулетова Г.

Педагог-модератордан -2 мұғалім өтті. Олар: Утеубекова С, Каримова Г,

Білім беру тәрбиелеу мен оқытудың үздіксіз үрдісі екендігі заңды. Ұлы ғұлама А. Байтұрсынов XX ғасырдың соңында «Ел әуелі мектепке керегі-білімді, педагогика мен методикадан хабардар, оқыта білетін мұғалім», - деген екен. Мен сөз еткелі отырған бірлестіктегі пән мұғалімдернің жетістіктері, осы уақытқа дейін жасаған еңбектерінің жемісі жайында болмақ.

Бірлестікте сондай-ақ Республика, облыс, аудан көлемінде үздік семинар сабақтар, коучинг өткізіп шәкіртке сапалы да саналы білім беріп, пән сабақтарында күнделікті жаңаша білім беру мазмұны аясында жаңа педагогикалық әдіс-тәсілдер арқылы өз тәжірибесімен бөлісе жүрген

тәжірибелі ұстаздарымыздың еңбектерін және оқушылардың шығармашылық қабілеттерін оята білген және пәнге деген қызығушылықтарын арттырып отырған білікті ұстаздар өте көп.

Білікті де тәжірибелі ұстаздарымыздың бірі Шамшидинова Халима «Бастауыш мектептің білім беру үрдісіне, жаңа білімге заманауи көзқарас» тақырыбында өткізілген аудандық семинарда коучинг-сессия көрсеткені үшін және ОББ «Құрмет грамотасымен» және «Мадақтама», «Отбасы мен мектептің ынтымақтастығы тақырыбында өткен аудандық семинарда мазмұнды да мәнді тәрбиелік сынып сағатын өткені үшін марапатталды. Облыстық және аудандық пән олимпиадасына дарынды шәкірт дайындап 1 орынға ие болған 11 сынып Полат Айгерім және «Мәнерлеп өлең оқудан» облыстан 2-орын алғаны үшін марапатталды.

«Мәртебелі педагог» атты республикалық жобаға белсене қатысып, озық тәжірибесімен бөлісіп, өзінің кәсіби биік деңгейін танытқаны үшін 2019ж «Құрмет грамотасымен» және Білім санаты республикалық журналы редакциясының ұйымдастырған «МӘРТЕБЕЛІ ПЕДАГОГ» жобасының арнайы төсбелгісімен марапатталды. 2019 Насрединова Фарида білікті тәжірибелі ұстаздарымыздың бірі. Насрединова Фарида 3 дәрежелі диплом Мерзімді баспасөз басылымында «Үздік нәтиже» көрсеткені үшін, ОББ «Құрмет грамотасы», АББ «Шардара ауданының-55 жылдығына» арналған мен жетекшілер шығармашылы байқауына тапсырған үздік жұмысы үшін оқушысы Мұсабекова Ақеркеге «Мадақтама» және Насрединова Фарида жетекшісі ретінде марапатталды, АББ «Алғыс хат», «Сексеуілдің шоғы атты II аудандық Ж. Мұқанов оқуларына оқушысын үздік дайындап, жас жеткіншектердің шығармашылық қабілетін шыңдағаны үшін марапатталды. Диплом 3 дәрежелі «I Республикалық Қадыр оқуларының облыстық кезеңінде акын шығармаларын жатқа оқу» конкурсынан оқушысы Орынбасар Мадина және жетекшісі марапатталды. Аудандық пән олимпиадасынан шәкірті Қошан Жәудір 3 орын иеленгені үшін марапатталып, Фарида апайымызға да «Құрмет грамотасы» берілді. Аудандық 5-11 сынып оқушылары арасында Абай шығармаларын насихаттау мақсатында өткізілген «Абайдың асыл мұрасы» туры бойынша мәнерлеп оқудан жүлделі 2-орын жеңіп алғаны үшін 9-сынып оқушысы Кузжанов Нурдаулет «Мадақтама» алды.

Білікті ұстаз ретінде аянбай еңбек етіп келе жатқан ұстазымыз Ахетова Майра да бірнеше жетістіктерге жеткен. ОББ «Құрмет грамотасы», «Диплом», «Сертификат» 2019ж Республикалық педагогикалық ғылыми-әдістемелік журналға

мақала, ашық сабақтар жариялағаны үшін марапатталды.

Мархабаева Эльмира 2018ж Аудандық және Республикалық Фариза Оңғарсынова өлеңдерін мәнерлеп оқудан шәкірттері 6-сынып оқушысы Бұрхан Айтжан «Көркем сөз» жанры бойынша 2-орын, ал «Ақындық өнер» бойынша 7-сынып оқушысы Ерғали Мерейгул өз шығармашылығынан Арнауи өлеңін оқып беріп, 1-орын иеленіп, жетекшісі Эльмира апайға да да «Алғыс хат» беріліп жеңіспен оралды. Облыстық «Алтын қыран» байқауына да бірнеше оқушыларды қатыстырып 1,2,3 дәрежелі дипломдармен марапатталды. Іденімпаз шәкірт дайындағаны үшін ұстазға да «Құрмет грамотасы», «Алғыс хат» марапаттау қағазы берілді.

Оқушылардың интеллектуалдық өресін жетілдіру мақсатында бірнеше ұстаздар 2019,2020,2021 жылы Республикалық Дәстүрлі және Ұлттық интернет олимпиадасы байқауынан бірнеше оқушыларды қатыстырып 1,2,3, дәрежелі дипломдармен марапатталған және өз пәні бойынша қатысып жеңімпаз атанғаны үшін бірнеше ұстаздар марапатталды. «Алғыс хат» Сериев Әлібайға, Ахетова Майраға, Каримова Гулмираға, Момынов Оразға, Сапарбаева Ұлжалғасқа, Жүнісбекова Гулмираға және Мархабаева Эльмираға, Жамбай Жазираға, Басымбекова Айжарқынға, Утеубекова Сұлуайға, Қалиева Қаламқасқа, Саттарова Қарашашқа берілді.

2019ж ОББ «Мақтау қағазы» «ALTYN QYRAN» зияткерлік олимпиадасына дарынды оқушыларды қатыстырып жеңімпаз атанғаны үшін Саттарова Қарашаш, Шамшидинова Халима, Қанжігітова Алтынай, Сапарбаева Ұлжалғас, Сериев Әлібай, Момынов Ораз, Жүнісбекова Гулмира, Утеубекова Сұлуай, Жамбай Жазира, Басымбекова Айжарқын, Мархабаева Эльмира сынды ұстаздарымыз марапатталды.

«Мен- Қазақстанның патриотымын!» атты шығармашылық байқауда шәкірттерін қатыстырып, белсенділік танытқаны үшін білікті ұстазымыз Сапарбаева Ұлжалғасқа «Диплом» ұсынылды және ОББ Облыстық ғылыми-конференцияға қатысып, «Үздік жоба» номинациясымен «Мадақтама», бірнеше «Құрмет грамоталарына» ие болды. Республикалық «Педагогикалық идеялар панорамасы» бейне-сабақтар мен бейне-дәрістер байқауының өңірлік кезеңіне белсене қатысқаны үшін Сертификат берілді.

«Жас келсе, іске» демекші жас болса да еңбекорлығымен танылып жүрген ұстазымыз Каримова Гулмира Мектепшілік «Жас мамандар»сайысында 2-орын иемденгені үшін «Мақтау қағазы» және 2020ж «Жырласам ба екен»

атты Республикалық Мұқағали Мақатаевтың өлеңіне жазылған ән-жыр байқауында шәкірті Жаңбырбай Аяулым «Көркем сөз» жанры бойынша 1-орын иемденгені үшін Дипломдармен марапатталды. 2020ж Каримова Гулмира Халықаралық «Жас дарын» 5-сыныптар арасында олимпиадаға жеңімпаздарды дайындағаны үшін «Алғыс хат» және оқушысы Ташен Жансая да 2 дәрежелі дипломмен марапатталды.

Талапшыл, ұстамды ұстазымыз Басымбекова Айжарқын Алғыс хат «AL-FARABY» білім қолдау орталығының ұйымдастыруымен өткен Абай Құнабайұлының 175 жылдығына орай Республикалық «Абай жолы» атты жас көркемсөз оқу шеберлерінің арасындағы сайысқа шәкірт дайындағаны үшін «Мадақтама» және шәкірті 8 сынып оқушысы Жылқыбай Ақерке марапатталды. Сонымен бірге баспаға ақпараттық газет журналдарға өз мақала ашық сабақтарын жариялағаны үшін «Құрмет грамотасы» берілді. Мектепішілік «Бейіндік оқыту және кәсіптік бағдарлау, мамандық тандауға бағыт-бағдар беру мақсатында өтілген іс шарада элективті курстар бойынша үздік ашық сабақ көрсете білгені үшін «Мадақтамаға» ие болды. 2020ж

Жас маман болса да іскерлігімен бірнеше жетістікке жете білген Байдаулетова Гулжайнар Аудандық, облыстық қашықтықтан қатысу арқылы мәнерлеп өлең оқу, байқаулардан 2-3 орын иеленіп келеді.

Ізденімпаз ұстазымыз Утеубекова Сұлуай Аудандық пән бойынша мұғалімдер олимпиадасынан 2-орын иеленген және мектепішілік «Өнерлі ұстаз» байқауынан 1-орын жеңімпазы атанды.

Пәндік оқытуда алдыңғы қатарлы ұстаздарымыз: Сериев Ә, Момынов О, Бибек Л, Смайлова К, Қалиева Қ, Насрединова Ф, Саттарова Қ, Қанжігітова А, Ахетова М, Шамшидинова Х, Мархабаева Ә, Сапарбаева Ұ, Жамбай, Басымбекова А. Аталған білікті ұстаздарымыз көбінесе алға қойған мақсаттарының дұрыстығын, оқушылардың қорытуы және тәрбиелеу тәсілдерінің тиімділігін, мазмұны мен мақсаттарына, оқушылардың жас ерекшеліктеріне сай болуын бағалаудан басталады. Әр ұстаз сабақ беруде жүйелі түрде оқытатын пәнінің ғылыми-теориялық деңгейін, пәнаралық байланыстардың қолданылуы, өтілген материалды кеңінен, тереңінен түсіндіру, оқушылардың танымдылық және ақыл қабілеттерін белсендетіп, өз бетімен шығармашылық жұмыс істеуге үйренуге мүмкіндік бере отырып мақсаттарына жетті. Апталық кезінде және облыстық, аудандық семинар сабақтарда өте тартымды, жүйелі сабақ өткізген Смайлова К, Насрединова Ф,

Шамшидинова Х, Қанжігітова А, Ахетова М, Қалиева Қ, Саттарова Қ, Мархабаева Ә, Сапарбаева Ұ, Басымбекова А, Жүнісбекова Г, Жамбай Ж, Утеубекова С сынды ұстаздарымыз өз ашық сабақтарында оқу үрдісіне жаңа әдіс - тәсілдерді, оқытудың жаңа технологияларын енгізіп, жаңа ақпараттық құралдарды пайдалана отырып, өз іс-тәжірибелерімен бөлісті.

Саттарова Қарашаш, Смайлова Клара, Басымбекова Айжарқын сияқты ұстаздар сыныптан тыс Абай Құнанбаевтың 175 жылдық мерейтойына арнап «Абай – дана, Абай-дара қазақта» деген тақырыпта керемет мазмұнды да мағыналы әдеби -сазды кеш өткізді. т. б бірнеше тақырыптар аясында іс- шаралар Абай өлеңдерін жатқа «Мәнерлеп оқу» сайыстары, Эссе жазу байқаулары және үш тілде Челленджер ұйымдастырылды. Байқау, сайыстарды өткізудегі мақсат: оқушыларға ойлау логикаларын, ауызша сөйлеу қабілеттерін, есте сақтау қабілетін арттыру және Абай шығармашылығын тереңінен оқушы санасына сіңіру, Абай әндерін дәріптеу болып табылады. Сабақ беру барысында мұғалімдердің шеберлігі, ұйымдастырушылық қабілеттері үлкен рөл атқарады. Қуанарлық жағдай барлық ұстаздар әр сабақтарын жаңа ақпараттық технологияларды кеңінен қолдана білді. Сонымен қатар ұстаздарға кез келген сабақты талдау кезінде оның танымдылық мағынасын ғана емес, сонымен бірге тәрбиелік жағын да көрсету қажеттігін: жұмыста ұқыпты болу, нақтылық шығармашылық қабілеттерін дамыту басты назарда болды.

Сондай-ақ жыл сайын мектебімізде жергілікті ақын, мектебіміздің түлегі болған Әмірхан Балқыбек ағамыздың атына мектебімізде арнайы кабинет ашылып, мектепте шәкірттерді ақын өлеңдерін мәнерлеп айтуға дәріптеп, ақынға арнау өлеңдер арнап әдеби -сазды кештер өткізіледі. Тіл мамандары жыл сайын ақын - жазушылардың арнаулы мерекелік еске алу кештерін жоғары деңгейде өткізілуіне ат салысуда.

«Ұлттың ұлағаты — мәдениетте, мәдениеттің ұлағаты — оқу мен әдебиетте», — деген екен Ахмет Байтұрсынұлы.


Қорыта келе, заманауи талаптарға сай қызмет істеу үшін, ең алдымен, педагог өзінің теориялық және әдістемелік білімі ұдайы жетік, сезімтал, ұшқыр ойлы, шабытты болуы тиіс. Сонда ғана педагог қызметінің жемісі, білім беру нәтижесі бүгінгі күннің талабына сай келеді. Әр бала- болашақ данышпан десек, егеменді еліміздің иелері қай уақытта көңілі ояу, көкірегі ашық, кез келген өзгерістерге сыни тұрғыдан қарап, өз ойларын, көзқарасын білдіріп, шешімін таба білу шарт. Ізденіссіз еңбегін жемісті болмайды. «Болмасаң да ұқсап бақ» -деп Абай ағамыз айтқандай, қазақ тілі мен әдебиеті бірлестігіндегі

ұстаздар іс-тәжірибесінде жаңашыл ұстаздардың әдіс-тәсілдерін басшылыққа алып, оқыту жүйесін түрлендіріп өткізуді ұстаздық міндетіміз деп білеміз.

Қазақ тілі бірлестігінің жетер жетістіктері әлі алда. Білім беруде трендтерден қалмай,

үздіктер қатарынан көрінуге тырысамыз. Себебі ұстаздарымыз бен оқушыларымыздың ана тілі мен әдебиетіне деген құштарлығын ынталандыруға бар күш-жігерімізді саламыз.







КАРЛЫГАШ ЮСУПОВА,

Адами әлеуетті дамыту бөлімі №1 М. Әуезов атындағы
жалпы орта мектептің көркем - еңбек пәнінің бірлестік жетекшісі
Түркістан облысы, Шардара қаласы

ҚОЛӨНЕР - АСЫЛ ҚАЗЫНАМ

Ұстаз деген.

Ұстаз деген асыл арман тұрағы

Ұстаз деген –деген ұлылықтың ұраны.

Ұстаз деген –деген ұлағатты ұлы сөз,

Киелі сан бес әріптен тұрады.

Ұстаз деген – ұрпақтардың данасы

Ұстаз деген- өрнекті ойдың санасы,

Ұстаз деген –болашаққа ұшырған,

Сан шәкірттің мейірімді анасы, - деп даналарымыз айтқандай, бұған дәлел, Қазақ халқының қолөнері деп халық тұрмысында жиі қолданатын өру, тігу, мүсіндеу, құрастыру, бейнелеу сияқты шығармашылық өнер жиынтығын айтады. Шын мәнінде, қолөнер түрлерінің талай ғасырлық тарихы бар. Халық творчествосының қандай да бір түрі болса да, халық өмірімен, сан халықтың қоғамдық тарихымен, күн көрісімен, кәсібімен тығыз байланыста болды.

Халықтың қолөнеріне әдет-ғұрып, жабдықтармен қатар аң аулауға, мал өсіруге және егіншілікке қажетті құрал-жабдықтар да кіреді. Киіз үйдің сүйегі, ағаш кереует, кебеже, сандық, кілем, сырмақ, алаша, ши, түрлі бау-басқұрлар тоқып, арқан жіп есіп, илеулі теріден қайыс, таспа тігіп, өрім өріп, қолдан алуан түрлі ыдыс –аяқ, адалбақан, асадал, бесік және тб.

Көптеген заттарды халық шеберлері, өнерпаздар өз қолдарымен жасап, түрлі нақыштармен әшекейлейтін болған. Қазақтың ұлттық қолөнерінің тәрбиелік тағылымдарыны, мүмкіндіктері жоғары, өйткені ол ұрпақ тәрбиесіне кешенді түрде әсер етеді, оқушылардың ақыл-ойын өсіреді, адамгершілік қасиеттерін, өнерге деген құрметін арттырады, эстетикалық талғамын дамытады, еңбекке баулиды.

Осындай қазақтың ғасырдан келе жатқан ата – баба дәстүрін одан әрі ұрпақтан, ұрпаққа ұмыт болмас үшін еңбектерін ұштастыра, үлес қосқан ағайларымыздың бен апайларымыз жетерлік. Атап айтсақ, Ахарбеков Жұмахан осы салада 35 жыл бойы еңбек етіп келеді. Жұмахан ағай балаға үйретуден жалыққан емес, ерен еңбегі еселеніп келеді. .. Шәкіртіне деген сүйіспеншілігі зор. Өзінің шығармашылық, қолдан жасаған еңбектерінің арқасында Республика, Облыс, аудан, мектеп аралық көрмелерге қатысып талай жүлделермен оралды.

Қазіргі кезде заман талабына сай, мектеп қабырғасында тәрбиеленіп кележатқан жас ұрпаққа ұлтымыздың көнеден келе жатқан салт-дәстүрімен таныстыру, еңбекке деген шеберлігі мен икемділігін, өнерге деген сүйіспеншілігін арттыру.

Біздің мақсатымыз өз шәкірттерімізге халқымыздың мәдениеттерінің жан-жақты білуіне ықпал ету, олардың санасына ұлтына деген көзқарасын, құрмет пен мақтаныш сезімін сіңіру, басқа ұлттардың мәдениетін қадірлей білуге үйрету. Міне, сонда ғана мұра болу қалдыруға тұрарлықтай іс жасау қажет. . Бала нені білсе жастай ұядан, Өле-өлгенше соны таныр қиядан. .Менің алға қойған мақсатым -оқушыларға сапалы білім, саналы тәрбие беру арқылы олардың алған білімі мен тәрбиесі болашақта қажетіне жарап, шығармашыл жеке тұлға болып қалыптасуына үлес қосу, ықпал ету. -деді, ұстазымыз.

Қазіргі қоғам талабына сай Қазақстан Республикасының дамыған елдерімен иық тіресіп тұруы, еліміздің болашағы мен қазіргі кезеңі үшін білімді, зерделі, өз бетімен іс-әрекет ете алатын, қоғамнан өз орнын таба алатын шәкірттерді дайындаудағы ұстаздарымыздың еңбегі орасан.

Еңбек ету арқылы жас ұрпақты адамгершілік рухында тәрбиелеуді басшылыққа ала отырып, оқушылардың ойлау қабілетін, жаңалықтарды тез қабылдап, оны өмірде қолдана білуге үйретуде. Атап айтсақ осы іске лайықты ұстаздарымыз Жангиров Жарылқасын, Әбилдаев Ербол, Омаров Данияр сияқты ағайларымыз шәкірттерін жалықтырған емес.

Қолөнердің арнасы өте кең, сан –алуан. Солардың ішінде жапсырма өнерінің мата қалдықтарынан, киізден, түрлі-түсті жіп қиындыларынан, қағаздан, табиғи заттардан жасалынған түрлері бар. Халқымыздың мәдениетіне, бейнелеу өнеріне философиясына байыптап көз салсақ, сол халықтың әсемдік талғамы мен танымының көзқарасына орай белгілі бір өнер түрінің басым дамып отырғанына көз жеткіземіз. Өнер көзі халықта, халықсыз өнер, өнерсіз халық жоқ, оны жаңғыртып іске асыру-біздің парызымыз. .. Еліміздің «Қазақстан – 2030» бағдарламасы аясында, жаңа ұрпақты тәрбиелеу барысында ата-дәстүрді жаңғыртып, ұрпақтан-ұрпаққа жеткізудегі ұлттық өнер, ұлттық нақыш тек еңбек сабағында ғана емес, тәрбие беруде, оқу барысында кез-келген сабақта ұлттық педагогикалық үндестік тауып жатуы тиіс. Мне, осы негізді басшылыққа ала отырып, қолөнер дәрісін әріден теріп, беріден жалғастыру- бүгінгі

күннің өзекті мәселесі екеніні дәлелдеу үшін орасан еңбектерін шәкірттеріне қолдау көрсеткен ұстаздарымыз бар, ол, Қоңыратбаева Сауле, Үсенбекова Нұрсулу, Қадирова Лаззат, Дүйсен Бибісара сияқты ұстаздарымызды атап кетсек артық болмас еді. Аналарымыз бесікті тербете отырып, «Өнерлі бол, ақ ботам, Бақытты бол, ақ қозым» –деп, жырласа солардың қатарында осындай абзал аналарымыз бен апаларымыз бар дер едім.

«Көркем еңбек ұрпақ үшін бүгін де, ертең де керек. ..» деп- бастады сөзін қылқаламның шебері Жантөреев Қайрат ағай.

Бүгінгі таңда оқушыларды әсемдік пен сұлулыққа баулу арқылы, айналаны қоршаған, ортаны бағдарлай білуге, өнерге деген құштарлығын оятып, талғам-танымдарын арттырып, ұлттың тәлім нәрімен сусындатқан, талай шәкірттерді өз қолымен ұшырған болашақ ұрпақ тәрбиелеген, ұлағатты ұстаздың бірі. Қылқаламның сырын, шынын сан – алуан ерекшелігін рухани байлығын дамытуға үлес қосқан. Ағайдың әрбір тәрбиелеген шәкірттері ойы ұшқыр, тәні таза, өмірге іңкәр -дерсің!

Сонымен бірге музыка пән мұғалімі Тәтеева Элмира осы мектепте бірнеше уақыттан бері жұмыс жасайды. Шәкірттеріне деген сүйіспеншілігі зор.







Журнал редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді.
«Рухани жаңғыру» баспа орталығында басылды.
Пішімі 17,5х24,5 көлемі 11 баспа табақ. Офсеттік басылым
Таралымы 1000 дана
Тапсырыс №435
Бағасы келісімді.
Қаріп түрі «Таймс». Қағазы офсеттік